



84 Каз а  
А-32





# ҰЛЫТАУДЫҢ ЖЫР БҰЛАҒЫ



# ҰЛЫТАУДЫҢ ЖЫР БҮЛАҒЫ



Өлендерді жинақтап, баспаға әзірлеген  
редактор Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ.






*“Ел іші — өнер кеніші” деп бабаларымыз тегін айтпаған.*

*Ұлтымыздың киелі қара шаңырағы, ортаймайтын ортақ қазаны, қасиетті қарт Ұлытаудан талантына табындырар талай жандар шыққан. Бұл жер бүгінде талаптыларға кенде емес. Өлең өлкесінде айшықты із қалдырған әкелеріміз, көмейінен жыр бұлагын ағызған ағаларымыз, өлеңнің өріне өрмелей бастаған жас талапкерлеріміз де көп. Осындай таланттарымызды халқына кеңінен таныту мақсатында осы жинақты шығарып отырмыз. Бұған үш ұрпақтың өлең-жырлары енген. “Бұлақ көрсең, көзін аш” — деп бабаларымыз қалдырған өсиетін көңіліне мықтап түйген, тамырында қазақтың қаны ойнаған, халықтың қамын ойлаған, өз мүддесін ел мүддесінен жоғары қоймаған адал азамат, аудан әкімі Рысқали Қалиакбарұлы Әбдікерев қасиетті жердің таланттылары мен талапкерлерінің еңбектерін жинап, осы кітапты шығаруды тікелей өзінің қамқорлығына алып, қажетті жағдайлардың бәрін жасады. Сол үшін жинаққа өлең-жырлары енген авторлар, қазір арамызда жоқ ақын-әкелеріміздің ұрпақтары аудан әкіміне шын жүректен алғыстарын айтады.*

## НИЯЗ АҚЫН



Ұлытау өңірінің атақты, суырып салма әнші, ақындардың бірі Ожанұлы Нияз 1882 жылы Жанғабыл өзенінің бойында дүниеге келіп, 1957 жылы қазан айында Ұлытау селосында қайтыс болған.

Ол ескіше оқып, білім алған, Кеңес дәуірінде өз бетінше оқып хат таныған. Жастайынан ән-жырға әуес ол өлең жазып, көпшілік арасында оны домбыраға қосып айта бастайды. Сөйте-сөйте кедей мұңын жоқтайтын өлендері

Арқа еліне кеңінен тарайды.

Нияз ақынның әр жылдардағы өлең-жырлары, толғау-термелері, айтыстары мен қысқа скечтері Қазақ ССР Ғылыми Академиясының Орталық ғылыми кітапханасында және М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында сақтаулы. Біраз өлендері 1965 жылы Алматыдағы "Жазушы" баспасынан Сәбит Мұқановтың басшылығымен шыққан "Пернедегі термелер" кітабында жарияланған.

Нияз ақын, әсіресе 1938-1945 жылдар арасында аудандық, облыстық, республикаға белгілі ақын ретінде атаққа ие болып, слеттерге, айтыстарға қатысады. Оның ертеректегі? күлкі-сықақтарын "Қожа мен қыз", "Қойшы мен қыз", "Қара адыр мен үлкен бұлақ айтысы", "Екі пионердің айтысы" т.б. осы тәрізді айтыс тәсілімен шығарған өлендерімен қатар, өзі де Ақайдар, Әлмағанбет, Болман Қожабаев, Иманжан Жылқайдаров т.б. Ұлытау, Жезқазған атырабының ақындарымен айтысқан.

Нияз ақынның шығармаларының желісі адамгершілікке, еңбекке үндеу, жастарға өсиет айту, өмірдің мәнін түсіндіру, табиғатты және туған жерін жырлау болып келеді.

## ҰЛЫТАУ

*Жер бар ма Сарыарқада Ұлытаудай,  
Шөбі май, ішсең сусын, суы балдай.  
Алабы күндік жерден көз тартады.  
Басына бұлт айналып шөккен нардай.*

*Шығыста — Баянауыл, Қарқаралы,  
Ұлытау алтын бесік Арқадағы.  
Атайды Ұлытауды ескі тарих,  
Үш жүздің енші алып тарқағаны.  
Ұлытау — ел қонысы, жердің құты,  
Өмірде болған емес қыстың жұты.  
Бұл таудың маңайында болған елді,  
Дейтұғын: "Едігенің майлы жұрты".*

*Сол таудың шыққандай боп шарасынан,  
Су ішіп мөлдір бұлақ жағасынан.  
Жайлауда қаптап жатқан қалың малдың,  
Жол тауып жүре алмайсың арасынан.*

*Өңірін Жыланишықтың баса көктей,  
Еркелеп Қорғантас тұр жас бөбектей.  
Бұлдырап Едігенің етегімен,  
Бірғайлы ағып жатыр ойға беттей.  
Сыңғырлап әсем таудың күміс суы,  
Жер бетін гүлдендірген бәйшешектей.  
Бір келіп осы тауға тынығуға  
Ақыным жүрген жоқ па қолың жетпей.*

*Кішітау кір жуытпай денесіне,  
Қол созып, бақытты өмір келесіге.  
Еңкейіп Ұлытауға бас иеді,  
Құмартқан құлындай боп енесіне.  
Абылай орда тіккен Сары қопа,  
Бойында Шығырлының білесің бе?  
Айыртау, Қызылсай мен Сарыбұлақ,  
Ежелден көне жерлер, елге-тұрақ.  
Ақшидің жауқасынды жылғасынан,  
Мың-мыңдап жамыраған қойым шулап.  
Қақ жарып Итен шыңын тас бекітіп,  
Төрт колхоз тоған салды басын құрап.*

*Сол таудың алпыс екі саласынан,  
Тоғанға құйып жатыр су зырқырап.*

*Сияды мен мақтансам жарасымға,  
Мал сыймай Ұлытаудың шарасына.  
Отарлап отыз мың бас малым кетті,  
Торғайдың Есілменен жағасына!*

## **ЖІГІТ СЫНЫ**

*Жігіттің дәл жиырма бес жасы дейміз,  
Ақылға, ойға зерек басы дейміз.  
Сыпайы, сынық мінез, әдеп-ұят,  
Табылса нағыз жігіт осы дейміз.  
Ақылы, бойыменен түссе бірдей,  
Ажары, жылы жүзі жайнап гүлдей.  
Әр сөзі тістен шығып тарағанда,  
Жалғыз-ақ досы білсін басқа білмей.*

*Кеудеңді төмен ұста, жоғары аспа,  
Әрқашан жамандықтың жалын баспа.  
Мінезі өзгермейтін бір қалыпты,  
Сүйкімді болсын тағы замандасқа.  
Есіктен кіргеніңде әдеппен тұр,  
Өз орның табылғанша жоғары аспа.*

*Киім ки, сыпайылап бойға шақтап,  
Жат сөзді елге жайма ішке сақтап.  
Жетімсіз, жеңіл сөзге еріп кетпе,  
Айтпаса асыл сөзді біреу нақтап.  
Көтеріп өзіңді-өзің жоғарлатпа,  
Сыртыңнан мадақтасын біреу мақтап.  
Өзімнен біреу асып кетті деме,  
Әркімге тон пішілер бойға шақтап.*

***Екінші жігіттің** бір мәртабасы,  
Оның да жиырма бес көркем жасы.  
Барға жомарт, жоғына сабыр етер,  
Халқына түзу болар ықыласы.  
Ақылды артық, ашуды кем ұстаса,  
Халқына хан болады қара басы.  
Білгенін ішке сақтап берік балса,  
Жігіттің қасиетті бір мұрасы.*

**Үшінші** бір жігіт бар талап күткен,  
Асықпай әр жұмысқа сабыр еткен.  
Алды-артын ерте бастан қарауылдан,  
Ілгері-келер іске қамыт еткен.  
Үлгісін үлкендердің таза сақтап,  
Асыл сөз қазына деп есеп еткен.  
Кімнің қас, кімнің досын шамаласа,  
Тамаша бір қасиет бойға біткен.  
Мақсатын талабына кез келтірсе,  
Бақытты жігіт болмас мұнан өткен.

**Төртінші** бір жігіт бар тұйықтанған,  
Көтеріп өзін-өзі ыықтанған.  
Асылды жасықпенен айыра алмай,  
Сөйлесе сөзі дәмсіз суйықтанған.

**Бесінші** бір жігіт бар тығылдаған,  
Өз сөзін мақұл коріп жыпылдаған.  
Шапшаң мінез, шапылдақ әткір тілді,  
Жігіт көп сауысқандай шықылдаған.

**Алтыншы** бір жігіт бар көңілі — аспан,  
Зор кеуде, омырау сөз әуел бастан.  
Бейпіл сөйлеп, бетімен кете берер,  
Әдеті сол боп өскен бала жастан.  
Есіктен кіріп келсе отыратын,  
Өз орнын өзі білмей жоғары асқан.  
Осындай артық мінез жігіттер бар,  
Секілді асау мәстек жағаласқан.

**Жетінші** бір жігіт бар шапқан аттай,  
Әр іске ұрынады қарап жатпай.  
Желіккен жел көңілін тия алмайды,  
Секілді желге қойған жұқа тақтай.  
Не пайда, не залалды айыра алмас,  
Әр істің ащы-тұщы дәмін татпай.

Жігіттің **сегізінші** мынау түрі,  
Тоңмойын, томарылма болар өзі.  
Өтпес пышақ, топырыш ат секілді,  
Ұсайды бейне соған әр мінезі.  
Қалың қабақ, қанды бет, қысқа мойын,  
Қорс етер жақтырмаса өңіп жүзі.  
Ызғарлы жел, ұшпалы суық бұлттай,  
Құрбыға қоңыр салқын келсе кезі.



*Ақысыз, алабы тар, өрісі жоқ,  
Болмай ма кей жігіттер сол мінезді.*

***Тоғызыншы** жігіт сыны мынау келген,  
Ал, кәне, бұған қандай мінез берген.  
Құрбының қосағына ілесе алмай,  
Дәуренін жігітшілік қоя берген.  
Қасындағы өз жары ұр қызындай  
Емеспе осы жігіт анық мерген.  
Номерге тоғызыншы келген кезде,  
Тоқтаттым жігіт сынын осыменен*

## ӘСЕМ ЖАЗ

*Бетке желпіп, самал желін әсем жаз,  
Айдын көлде унін қосып аққу — қаз.  
Еңбегі өніп, еңбекшілер көгеріп,  
Күлім қағып калхов аулым балды мәз.*

*Рахаттанып мен де жазға қарадым,  
Гүл жайнаған көрдім нурын даланың.  
Кіргендей боп құшағына құмартып,  
Мейіріммен емшек берген ананың.*

*Нұрын төгіп әсем таудың алабы,  
Масайрайды жарқын жүзді адамы.  
Жадыратып, жан біткенді әсем жаз,  
Жылы тиіп, бетке жайлы самалы.*

*Бұйраланып өзен-бұлақ ағыны,  
Жерге бүркіп, бүршік-бүршік жауыны.  
Қызып жатты, қайнап еңбек жарыспен,  
Қандай қызық, колхозшының ауылы!*

*Жаз келгенде жадырамас жан бар ма,  
Жерімізге кірмейтұғын сән бар ма?  
Төрт түлік мал төлін ертіп соңынан,  
Бірі екі боп өспейтұғын мал бар ма.*

*Жаздың көркі жасыл желек жерменен,  
Жердің көркі еңбектенген елменен.  
Қыз-бозбала шарықтата салған ән,  
Қтағыма келеді ескен желменен.*

## ЖЫР ЖҮЙРІГІ - ТАЙЖАН



*Ақын, әнші әрі композитор Тайжан Қалмағамбетов 1879 жылы Жезқазған облысының Ұлытау ауданында туған. Бала кезінен пысық, өнерге бейім ол он үш жасынан қолына домбыра алып, ән салып, өлең шығарады. Күн өткен сайын Тайжанның ақындық, әншілік қабілеті дами түседі, ел арасында беделі артады. Ойынтойдың, өнер жарысының төрінен орын алып, асқақ ән-жырымен халқын риза етеді. Қобыз, домбыра, сыбызғы және сырнайды кезек ойнап, оған әсем әнін қосқан*

*өнерпаздың атағы бүкіл Сарыарқаға мәлім болады.*

### ЖАМАНҚАРАҒА АС БЕРГЕНДЕ

*Бұл жерде Жаманқара берген асын,  
Ұстаған біздің ауыл ошақ басын.  
Жек көріп, өлең айтқан мені бүгін,  
Аспаннан түсті дей бер саған жасын.  
Өркімге өлең айтып, қызмет еттім,  
Ешкімнің айырғам жоқ дос пен қасын.  
Төртқара қаңғып келген ел едің сен,  
Атаңның бүлдірдің зой сан мұрасын.  
Бір жерде мекен еткен қонысың жоқ,  
Қыстайсың қаиқан төбе, сайдың басын.  
Сен өзің қаңғып жүрген төртқарасың,  
Ас бердім деп халықтан бата аласың.  
Өз асыңды бүлдіріп шаңқай түсте,  
Балаңның жуып па едің шаранасын.  
Би қайда, оған қашан жүгінесің.  
Түбі маған айыпты сен тартасың,  
Құдай ұрған бәдіксің бәрің тегіс,*

*Ішінде жоқ ел бастар милы басың,  
Тараттың әкең асын төбелеспен,  
Секілді бәдік соққан кәрі жасың.  
Ас беріп, өз асыңды өзің қорлап,  
Білмейсің, қаңғыбастар, ас жобасын,  
Ырсай мен Оразайдай бағамын деп,  
Олардың шаңына ермей құр қаласың.  
Лауат, римат шағын бермесеңдер,  
Таяқтан басыңнан қан сорғаласын,  
Өз асыңды бүлдірдің түлен соғып,  
Арың жоқ, намысың жоқ қор боласың.*

## **ЕРДЕН БАТЫРДЫҢ БАЛАСЫ МАХАТҚА**

*" Бір атым насыбайдан көңіл қалар ",  
Мақалдай айтқан екен бұрынғылар.  
Өз әкең Ерден батыр атыпты ғой,  
Шақшасы алтындаған, көз қызығар.  
Еліктеп әкеңізге жүрмін дағы,  
Дәстүрлі өнер еттім басыбайлы.  
Шақшасы Ерекеңнің сізде дейді,  
Беріңіз, бір атайын насыбайды.  
Бітпеген мырзалығың ешбір жанға,  
Таусылды деген ой жоқ дүние малға.  
Ішік жсауып, ат мінгізіп жөнелтіпсің,  
Атыңды жырга қосқан ақындарға.  
Жомарт деп ел айтады сізді, аға,  
Алтынның сынығысыз жетпес баға.  
Көңілін қалдырмассыз ініңіздің,  
Шақшасын әкеңіздің сыйла, аға.*

## **ШАЛҒЫНБАЙҒА**

*Ішіңде Бағаналы тудым жеке  
Көріп ем Көкшетауда көп мереке.  
Колыңа түйіншекті ұстай бердің,  
Алғың келіп отыр ма, нағашы-еке.*

*Түйіншек осал емес, тым бағалы,  
Сол шығар ел жиенін қундағаны.  
Нағашы, түйіншекті қозғай көрме,  
Жеңешем үйіңдегі қыз табады.*

## **САҚ-САҚ**

*(екінші түрі)*

*Ұлытау, Кішітауым, тұрсың самсап,  
Құшақ жай, алыс жолдан жеттім шаршап.  
Ассалаумағалайкум, ата жұртым,  
Сырнайым өзімменен күлсін сақ-сақ.*

*Мен келдім Көкшетаудан елімді аңсап,  
Жақсы зой ән мен көңіл емін тапсақ.  
Ей, қалқа! Топ ішінде бір жарқ етші,  
Сырнайым сені көріп күлсін сақ-сақ.*

*Бақ жанды ақындыққа гитар алсақ,  
Ән-жырдың құты қонды іздеп барсақ.  
Шетінен жұлып алып шырқай берем,  
Жүрейік кел үшеуіміз күліп сақ-сақ.*

## **МАЙДАННАН ЖЕТКЕН ЖЫР ЖОЛДАРЫ**

*(Таубазар Балтабектің  
майданнан жазған хаты. 1941 жыл.)*

*Смағұл қағаз жаздым Орманбекке,  
Кош, мен сөз аңғартам Назымбекке.  
Жұмағұл, Капар, Жұмаш, Уызхан дос,  
Сәлем айт Ермағанбет, Сәрсенбекке.*

*Бейісбек, Үсен сәлем Жақыпбекке,  
Дәм жазып біз барамыз жүріп шетке.  
Көзің сал Ибескеме ағатайлар,  
Қалмаса бұрын кеуілің Балтабекке.*

Өз інім қағаз жаздым Ыдырысқа,  
Кез болып, біз барамыз бұл жұмысқа.  
Кеуіліңді білдіре алмай қалдың, қалқам,  
Балған соң қалтаң саяз, қолың қысқа.

Сөйлейтін келді-ау кезің тіл мен таңдай,  
Жүруші ең кедейлікті мойынға алмай,  
Қатпаған қабырғасы-ау Ибескемнің,  
Болады заманасы әлдеқандай.

Әкеміз Бекмағанбет, Қоныс ағай.  
Колыңнан дәм татып ем бұрын талай.  
Сала гөр көзің қырын өлгеніңше,  
Жүрмесін жылап-сықтап бала-шаға-ай.

Ауырып жатыр еді балаларым,  
Болмады қарайлауға шамаларым.  
Жоқ еді-ау сүйенерің маңайында,  
Болмаса, бір жаратқан паналарың.

Ақдорба үйден алған жан-жолдасым,  
Жинаған артта қалды-ау мал мен басым.  
Тәуекел не жұмысқа белді байлап,  
Көл қылып төкпе бекер көздің жасын.

Жылама қатын-балам текке жасып,  
Дәм жазса жолығармыз алла нәсіп.  
Туған соң әуелден-ақ жазу біреу,  
Ажалдан құтылмаған Қорқыт қашып.

Ел-жұрт қош аман бол туған жерім,  
Кірімді кіндік кесіп жуған жерім.  
Салқын үй, жайлы төсек, сары қымыз,  
Мереке күнде қызық, думанды елім.

Жолдастар, болды заман, міне, қызық  
"Учетқа" отырғызды жұртты тізіп.  
Су кешер етікпенен " деген мақал,  
Ерлер жүр шыбын жаннан күдер үзіп.

Қош аман бол ел-жұрт,  
Жөнелдік мініп арбаға.

*Бұруға мойын болмады,  
Өгіздей түскен жармаға.  
Арттағы қатын баланы,  
Тапсырдым бір аллага.*

## **СОҒЫСТАН (СВЕРДЛОВСКИЕН) ЕЛГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ**

*Қош бол, қалқа, біз жатырмыз алыста,  
Көз жетпейді елге қайтіп барысқа.  
Айта жүрсін аға-жеңге кейінгі,  
Білгеніңді қызыл тілім қарышта.*

*Сәлем жаздым Бекмағанбет ағаға,  
Жүк артылды тайлақ пенен танаға.  
Өлгеніңше ақылыңды айта жүр,  
Артта қалған қатын менен балаға.*

*Және сәлем Қоныс, Жүніс ағамыз,  
Картайғанда қолдан кетті-ау балаңыз.  
Не болса да "көппен көрген — ұлы той",  
Бұл жұмысқа келмес біздің шамамыз.*

*Тағы сәлем Жанділда мен Қоғамбай,  
Тұман кетіп шығар ма екен күн мен ай.  
Артта қалған құрбы-құрдас, бауырлар,  
Көрер заман болар ма екен дариға-ай?!*

*Асыл, Гауһар алдым қолға хатыңды,  
Көкөтайлап көп жазыпсың атымды.  
Бұл сөзді оқып, іш-бауырым езілді,  
Күннен күнге қасірет-қапа арттырды.*

*Ибескежан мені ойлап жасыма,  
Қиыншылық түсер сенің басыңа.  
Сенерің жоқ, анаң болса ауру,  
Балалардың қара қабақ-қасына.*

*Шекер мен және сәлем Қалжан, Өрік,  
Жұысты алла салған жүрміз көріп.*

*Ақманаи, Дәни, Жыға, Бибаи, Зұбан,  
Асыра кемпір-шалды қайрат беріп.*

*Зағипа-Зәру, сәлем Балсияға,  
Зияда, Балым, Қаншай, Зулияға.  
Сағынып құрбы-құрдас жеңгелерді,  
Зар жылап біз жатырмыз бір қияда.  
Біз кеттік елден шығып бір қияға,  
Күн бар ма қайтіп қонар біз ұяға?!  
Қайтейін қолдан келер еш айлам жоқ,  
Қапамен күн етеді-ау құр заяға.  
Хат жаздым Жыға, Жаңыл жеңгем Қалжан,  
Кете ме қапа болып ішімде арман!  
Кешіңдер жақсы, жаман айтқанымды,  
Опасыз болып кетсе дуние жалған.*

(Баласының хаты)

## **ИБЕСКЕНІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕН МАЙДАНҒА КЕТКЕНДЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ**

*Жолдас жоқ, қаламменен ақылдасам,  
Хатпенен елге жазған мақұлдасам.  
Арманым бұл дуниеде болмас еді-ау,  
Аман-сау елге қарай жақындасам.*

*Кір жуып, кіндік кескен елді көрсем,  
Кәрі-жас құрбыларға сәлем берсем.  
Бетпе-бет сөйлесіп бір сырласқан соң,  
Риза болар едім сол жерде өлсем.*

*Айрылып елден кеттік ұзақ сапар,  
Ала алмай алаңдаймын елден хабар.  
Артымда жеткіншегім болмаған соң,  
Ісіне табиғаттың не амалым бар!*

*Шашып ед бізге нұрын алтын күнім,  
Бұлтпенен жаппақ балды-ау Гитлер зұлым.  
Зұлымның күлін көкке ұшыруға,  
Шақырды Отанымның қарулы ұлын.*

Елімнің сол ұлының бірі менмін,  
Қолымда қаруым бар кімнен кеммін.  
Атысса атысамын қарсы тұрып.  
Бермеймін өлгенімше сүйем жерін.

Мекенім Жыландының ортасында  
Өлімнен жаралған соң қорқасың да.  
Ажалың қайда жетсе сонда өлерсің,  
Басыңды ел қорғаудан тартасың ба?!

Ойлайды әр нәрсені жастық көңіл,  
Жаралы болып қайтсам елге жеңіл.  
Болмаса басқа жерде дәмім бар ма,  
Белгісіз осы күнде біздің өмір.

Егерде болып кетсем олай-бұлай,  
Көл болар көздің жасы жылай-жылай.  
Анажан, ақ сутіңді кешіре гөр,  
Кетем бе қызығымды көрсете алмай.

Жазайын білгенімді аямай-ақ,  
Көргенше қош болыңдар ауыл-аймақ.  
Бәріңде де көз болыңдар жан анама,  
Тапсырып одан басқа не жазайын-ақ?

Уақыт жоқ хат жазуға қолымда бос,  
Тұрамыз күзетінде жауапты пост.  
Алаңдар хабарымды хат жазыңдар,  
Анажан, ауыл аймақ болыңдар қош.

Сәлем айт Асыл, Гауһар бауырыма,  
Қымбатты туып-өскен ауылыма.  
Ісіне құдіреттің кім көнбейді,  
Тілеуқор боп турыңдар бауырыңа.

Сегіз ай Қызылжарда жаттым ойнап,  
Келмейді жатсам ұйқым көкемді ойлап.  
Тілегін жан апамның берер ме екен,  
Әскерден қайтып барсам құдай оңдап.

Алармын қай уақытта елден хабар,  
Көзден жас елді ойласам бір-бір тамар.  
Жаныма ойын ойнап жатқан едім,  
Ел жақтан бір-ақ күнде келді-ау хабар.



*Жасымнан оқу оқып, алдым білім,  
Айырды-ау жастай елден Гитлер зұлым.  
Жазғаны асығыста осы-ақ болды,  
Баласы Балтабеков Ибескенең!*

## Берлиннен хат

*Колхоз құрылысына белсене қатысқан қарт ақын Әжиакбар Балқанов Ұлы Отан соғысының от-жалынынан өтіп, соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы бүкілхалықтық іске де білек сыбана араласқан еңбек пен майдан ардагері.*

*Әжекең 1942 жылдың маусым айында ұлы Отанды қорғауға аттанып, 1945 жылдың тамыз айында елге жеңіспен оралды. Осы кезеңде ол ажал сепкен оқ пен от ортасында жаумен шайқасып, Берлинге дейін барды. Төрт рет жауынгерлік медальдармен наградталды. Үш рет жараланып, госпитальда емделді. Ақырғы рет Берлинде жараланып госпитальға түскен Әжекең жақын қалған Жеңіс қуанышы үстінде туған елге, жерге деген сағыныш сезімін, махаббатын өлеңмен жолдады.*

Әжиакбар БАЛҚАНОВ.

## САҒЫНДЫМ ЕЛІМ, ТУҒАН ЖЕРІМ

*Дарига-ай, туып өскен елім қайда?  
Сүйікті ата қоныс жерім қайда?  
Шалғыны көк теңіздей толқынданып,  
Жататын малы шайлап көлім қайда?*

*Ақылғой, ел тірегі шалым қайда?  
Үй көркі бала менен жарым қайда?  
Келтіріп кең даланың жарасымын,  
Төрт түлік қатар өрген малым қайда?*

*Ел жайлап, шалқып жатқан өзен қайда?  
Мал өріп, асушы еді сайдан-сайға.  
Қырың шөп, суың балық қайран жерім,  
Қызығың асушы еді айдан-айға.*

Белгілі Ұлытаудай өрім қайда?  
Басы арша, етегің бау, желің майда.  
Айнала көлемінің бәрі байлық,  
Егіс бар 500 гектар, бір Дүтбайда.

Басында осы таудың шалқар бұлақ,  
Су ішкен арқар, елік содан құлап  
Көз тартқан күндік жерден Ұлытаудай,  
Жер қайда құтты қоныс, елге тұрақ.

Сарыкеңгір, Қаракеңгір өзендерім,  
Мыңғыртып мал өсірген колхозды елім.  
Ауызбен айтып адам жеткізе алмас,  
Байлыққа тұнып тұрған колхоз жерін.

Кішітау Айыртаумен егіз туған,  
Бағынып Ұлытауға мойынсұнған.  
Ауданның көлемінде үш Көктөбе,  
Баурына колхоз малын ұйыстырған.

Ешкіөлмес, Арғанаты, Тамдыменен,  
Татанбай, Айбас бәрі қатар өзен.  
Қоғамдық мал мен жанның несібесі,  
Шығыста Барақ жатыр Қоскөлменен.

Кененбай үлкен тоған, бар Ырғайлы,  
Кетейін қалай қоспай Шақабайды.  
Шығырлы, Бала Жезді басы айқасып,  
Кім білмес Байқоңыр мен Қарсақбайды.

Қу мола мен Дуйсенбай ағып төмен,  
Құяды Бестамақ топ Білеутіден.  
Үш еспе батысында Арыс құмы,  
Ар жағы қоныстасқан Телкөлменен.

Шығыстан Жыландының өзені ағып,  
Кеңгірге құйып жатыр ол да барып.  
Қызылшың, Бостандық пен Үлкен бұлақ,  
Колхоздың ең дәулетін жатыр бағып.

Атасам Ақ тұма, Атан, Көкдомбақты,  
Жерімнің біреуінен бірі жақсы.  
Көрмедім туған жердей қымбатты мен,  
Аралап жүрсем-дағы бар аймақты.

*Шығыста Жетіқоңыр, Апақайы,  
Өрісі кең қоғамдық малдың жайы.  
Ақкеңсе, бер жағында Борсеңгір тұр,  
Малының түгін тартса, шыққан майы.*

*Шығысым — Сарысу, Кеңгір, батыс-Торғай,  
Төрт түлік дәулетіме өрісім сай.  
Ортаңда орда болып Ұлытау тұр.  
Көркейіп гүлдене бер Отанымдай.*

*Бір өзен Үлкен Жезді қойған атын,  
Қақ жарып ағып жатыр тау саласын.  
Өн бойы бұл өзеннің колхоз-совхоз,  
Есепсіз өндіріс бар кен алатын.*

*Жезқазған алып завод, бар құрылыс,  
Рудник дайындауда жез бенен мыс.  
Марганец жаңа ашылған кен орны бар,  
Тасының жүз процент бәрі құрыш.*

*Тасы алтын, тауы салқын жердің майы,  
Көлемі Ұлытаудың жер шұрайы.  
Бір өзі бір колхозға қоныс болған,  
Жанында бұл заводтың Нардың сайы.*

*Өрлесең жоғарыға Қарабұлақ,  
Бір колхоз қоныс еткен оны қалап.  
Талдысай, Аяққамыр, Керегетас,  
Тайкеткен құйып жатыр және жанап.*

*Жездінің таусылмайды сала-сайы,  
Тағы бар Күнкүйген мен Дәуімбайы.  
Босаға, Жылан төбе, Тұяқ жалы,  
Құяды екі арадан Жаман сайы.*

*Бір алқап Күйген бұлақ қойған атын,  
Бір табан басқа жерден туған жақын.  
Шығыста Сүттібайдың Сары бұлағы,  
Есепсіз саласы бар шөп шабатын.*

*Сары сай, Шерубай мен Дерібек жалы,  
Жайнайды көз алдымда жердің бәрі.  
Мәңгілік ферма келіп қоныстанған,  
Атақты Дәрекеңнің Бес тарауы.*

Бір сала бұған таяу Ақиши сайы,  
Жер еді ой мен қыры, малдың жайы.  
Бір өзі отыз үйге қоныс болған,  
Қыры шөп, ойы қияқ, жердің байы.

Бас бұлақ, Аяқ бұлақ құйған жері,  
Бұл - нағыз Әжекеңнің туған жері.  
Ертеден әкем келіп қоныс алған,  
Мәңгілік осы арада салған көңі.

Сағынып ел мен жерім тускенде ойға,  
Бітеді арыстандай ашу бойға.  
Екі рет асколькамен жараландым,  
Жауменен арпалысқан қан майданда.

Күн сайын жылжудамыз батысқа-алға,  
Дұшпан жүр жер таба алмай паналарға.  
Жем болып ит пен құсқа сұмырайлар,  
Осындай жауыз қиын түсті халға.

Жаңбырдай жауғызамыз аспаннан оқ,  
Бұрылып жан сақтайтын амалы жоқ.  
Уралап ұран салып алға ұмтылып,  
Бір қадам шегінбейміз тас түйін боп.

Қуаныш, жеңіс айы май да туды,  
Бет қаратпас қайсар-күш жауды қуды.  
Шығармай бірін шашау жендеттердің,  
Берлиннің ортасына бәрін жиды.

Сол күні жараландым, емдеуге алды,  
Тамаша бағудамын жанға жайлы.  
Күтеді сестралар өз қызымдай,  
Сөйлетіп радио мең патефонды.

Қарт ата, кіші іні, ағаларым,  
Адамға пайда бермес сары уайым.  
Қайраттан, серпіл енді Жеңіс келді,  
Жұылып жақсартыңдар шаруа жайын.

Жау кірді өз ініне күні қараң,  
Біз үшін майдандағы болма алаң.  
Жеңіспен туған елге жаздым сәлем,  
Дабылын естісін деп байтақ далам.

## ЖАН ЕДІҢ ЕШКІМ ҚИМАЙТЫН...

(Марқұм Ишанбек Жауыртаевқа)

Биссимилла Рахман Рахим!  
Аралап сөзім ғаламды,  
Жаратыпты бір Алла.  
Топырақтан адамды.  
Тура жолға сала гөр.  
Басқан әрбір қадамды.  
Жоғымды іздеп сөйлейін,  
Байқатып тіл шамамды...  
Іздеу салып көрейін,  
Дүниеден өткен ағамды.  
Жылады артта қалғаның,  
Дүниеден өттің, жан аға!  
Жетім етіп балаңды.  
Әзірейіл сұм ажал,  
Демі біткен күніңде,  
Алмай бір қоймас адамды,  
Бұрылуға шама жоқ,  
Келтірмейді шамаңды.  
Катардан озған жан едің,  
Теңізден көпті өткізген.  
Қайырылмас кеме едің,  
Көлеңкең көпке көп түскен.  
Бәйтерегім сен едің,  
Алыс пен жақын бәріңе:  
"Кейін тұршы" демедің.  
Қайырымсыз ажал келмесе,  
Көп еді елге бермегің.  
Ақыл айтар аға едің""""  
Бұл фәниден бақиға,  
Мезгілсіз өтер демедім.  
Теңізден өткен пенделер,  
Қадірін білмес кемеңің,  
Миуалы бақты тау түгіл,  
Ақылы аз ағайын,  
Қадірін білмес төбенің.  
Жақсының, білмес қадірін,  
Кей жамандар айтады.

Ішкені мен жегенін.  
Озық туған жан едің.  
Өзі едің жалғыз төренің.  
Ашық көңіл ақжарқын,  
Адал еді жүрегің.  
Өлгенімше мен сені,  
Жоқтамай қалай жүремін ?!  
Тірлігіңде, жан аға,  
Өзің едің тірегім.  
Мен емес жалғыз, жан аға,  
Көп еді көпке керегің.  
Іздеп өтем өзіңді,  
Жоқтап өтем, жан аға,  
Ертең мен де өлемін,  
Келтіреді бір Алла,  
Әрбір істің себебін.  
Бір құдайсыз іс балмас,

Бола бермес дегенің.  
Ақылың биік жан едің.  
Ерте кеттің фәниден,  
Бұлай болар демедім.  
Көнбеске ешбір шама жоқ,  
Ешкім бұзбас әуелде,  
Алланың жазған әмірін.  
Иман болсын жолдасың,  
Жарық болсын қабірің.  
Жұмақта болсын тұрағың,  
Жарылқасын тәңірім!  
Өлмейтін пенде болмайды,  
Ажал атты бір пәле,  
Өлмесіңді қоймайды.  
Өлгенмен қанша адамзат,  
Кара жер қойны тоймайды.  
Ерте түсер біреуге,  
Кеш түседі біреуге,  
Ажалдың ұзын "құрығы".  
Тірлік — гұмыр біткен соң,  
Жолығар жолдың тұйығы.  
Белгісіз зой әйтеуір,  
Киылар кімнің шыбығы?

Кешегі тірі кезіңде,  
Айтушы ең ақыл біздерге,  
Сөз қадірін білмейміз.  
Ақылдың асыл тұнығы,  
Сөйлер сөздің бұлбұлы.  
Тоқтаусыз аққан бұлақтай,  
Дүниеден өзің өткенде,  
Халқың түгел жылапты-ай  
Кабіріңді жарық ғып,  
Жақсын Алла шырақты-ай.  
Ишандай еді, жан аға,  
Ишанбек деген атыңыз.  
Тарихта қалды өшпейтін,  
Өзіңіз жазған хатыңыз.  
Қазақты хандар билеген,  
Кем емес едің солардан.  
Ақыл айтып мыңдарға.  
Патшамен тең еді басыңыз.

Тірлігіңде көп еді,  
Жақсы көрген досыңыз.  
Бақытыңа бақталас,  
Бар еді-ау кейбір қасыңыз.  
Өттіңіз ерте фәниден,  
Елу алтыда еді жасыңыз.  
Жүйрік едің, Ишеке,  
Жорға едің төгілген.  
Еске алған туыс-ағайын,  
Қабырғасы сөгілген.  
Ерен жүйрік сен едің,  
Суырылып шыққан еліңнен,  
Туып едің анадан,  
"Қияқтыдай" жерімнен.  
Он беске жасың толғанда  
Білім қуып іздендің.  
Жиырмаға келгенде,  
Қатардан озып түрлендің.  
Оқу іздеп барып ең.  
Қызылорда, Алматы,  
Орыстың Мәскеу қаласын.

Жолдас еттің жақсыны,  
Жатырқамай дос болдың,  
Орыс пен қазақ баласын.  
Ұстаз еттің өзіңе,  
Қазақтың ғалым ағасын.  
Талапты едің жасыңнан,  
Білім жидың санаңа,  
Жиырмадан жасың асқанда,  
Үйреттің оқу балаға.  
Отызға жасың келгенде,  
Іркілмей ақыл айтушы ең,  
Іні менен балаға.  
Жаратқан Алла өзіні,  
Дегені болмай қала ма?!  
Арғын, Найман, Орта жүз,  
Ұлы жүз бен Кіші жүз,  
Тыңдаушы еді сөзіңді,  
Сыйлаушы еді өзіңді.  
Өзіңді қимай жылады.  
Тоқтата алмай өлімді.  
Таныстырып өтейін,  
Бұл сөзді жазған өзімді.  
Менің атым — Олжабай.  
Ишанбектің інісі.  
Айтпауға енді бола ма,  
Бірге туған тегімді.



## МАУЖЫРАП ТҰР МӨЛДІР АСПАН, КҮНІМІЗ



*Еңбек ардагері, «Ұлытау» ауданының «Құрметті» азаматы Шоқан Мүсілімұлы ОСПАН-БЕКОВ Ұлытау селосында тұрады. Жасынан-ақ өлеңді өзіне серік еткен.*

### Оқып шықтым Құран-Кәрім кітабын

*Оқып шықтым Құран-Кәрім кітабын  
Мұсылманмын, мен де құрмет тұтамын.  
Аяттар мен пайғамбардың хадисін,  
Шөлдегенде сусын етіп жұтамын.  
Қанат жайып дамып келеді дініміз,  
Маужырап тұр мөлдір аспан, күніміз.  
Егемендік алған мықты ел болып,  
Жер жүзіне тарап жатыр үніміз.  
Шалқып жатыр қазақ жері керілген,  
Құран сөзі мәңгілікке терілген.  
Мұхаммедке тарапынан Алланың,  
40 жаста пайғамбарлық берілген.  
Адамзаттың ең ұлысы Мұхаммед,  
Үмбеті бол, іліміне құрмет ет.  
Пайдаланып Құран-Кәрім сәулесін,  
Әр мұсылман мақсатыңа түгел жет.  
Өмір сүреді Ислам діні мәңгілік,  
Түсінбеуі кейбіреудің мәңгүрттік.  
Дұға оқып, бата жасау дәстүрін,  
Орындаңыз келмесе де кәрілік.*

## БІЗ ҚАЗАҚПЫЗ

*Біз қазақпыз байтақ жерді жайлаған,  
Төрт түлік мал ен далада айдаған.  
Жас кезінен батыр болып ұлдары,  
Ақ семсерін жауға қарсы сайлаған.  
Қазақтардың дала болған мекені,  
Орындалған үлкендердің дегені.  
Үйір жылқы, отарлап қой өсіріп,  
Сере қазы, жал мен жая жегені.  
Аталарым түгел болған ақылды,  
Сыйлай білген алысты да жақынды.  
Байтақ жерді жанын сала қорғайтын.  
Дайындаған жас жігіттер — батырды.  
Аналарым "Ақ бәйбіше" атанған,  
Бақыт қонған үлкен берген батадан.  
Балаларын ес білгеннен баулыпты,  
Үлгі алуға дәстүрінен — атадан.  
Ұлылардың ұрпағымыз біз бүгін,  
Көтеретін ауырлықтың бар жүгін.  
Жеріміздің бір пұшпағын сатуға,  
Қимайды ішім боз жусанның бір түгін.  
Біз қазақпыз, бүгінгі ұрпақ біргеміз,  
Ру, жүзге бөлінбейді іргеміз.  
Жалғастырып даналардың дәстүрін,  
Сан ғасырлап ұзақ өмір сүрмекпіз.*

## ӨЛЕҢ

*Өлеңге ғашық жасымнан менмін,  
Арқылы өлең шындыққа сендім.  
Ойланып кейде отырсам жалғыз,  
Шыңырау түпсіз қиялға ендім.  
Өмірді өткен жырлағым келеді,  
Табиғат жанға қабілет береді.  
Басымнан өткен өмір жолдары,  
Ұйықтағанда түсіме енеді.  
"Жаз" дейді жатпа тыныштық ойлап,  
"Жүгірт" дейді ойды тереңге бойлат.*

Қаламды ұштай қолыма алсам,  
Өлеңнің жолы жылжиды жайлап.  
Жазуға өлең керек қой дарын,  
Салуым қажет ойымның бәрін.  
Жүйесін тауып жазуым қажет,  
Өтпесін өмір сипаумен қарын.  
Құралады жолдар жұмыста жүріп,  
Оралады шумақ ойымды бұрып.  
Ұйқыдан қатты оянып кейде,  
Жазамын түнде орнымнан тұрып.  
Мазасыз ылғи тулайды жүрек,  
Тұрғандай жақсы жырларды тілеп.  
Отырсам ойлап жазуға бармын,  
Қаламды ұстай, қолымды сілтеп.  
Еліктеп, егде жасқа да келдім,  
Барымды елге жасымнан бердім.  
Майталман ақын ағаларымның  
Жолына түсіп, соңынан ердім.

## КҮРСІНІС



*Булыққан ыза талғаныс,  
Лебіңмен шығар-күрсініп.  
Күрсініс сыры балған іс,  
Түсінген қалар түршігіп.  
Толғаныстың тиегі,  
Еліңнің сиқы — күйлері,  
Күнде көріп шыдамай,  
Жан-жүйеңнің күйгені.*

*Басыңды да тігерсің,  
Болса оның демеуі.  
Ішіңді қоса тілсең де,  
Болмайды оның керегі.*

*Адамға біткен парасат,  
Әділетті шын жасап.  
Сал әділет нық тұрса,  
Емес пе елге сол мақсат.*

*Жалғанда-жалған, жалған іс,  
Арпалысқан айла-күш.  
Парасат-әділет азғанда,  
Көрінбес көзге болып пыш.  
Арамзалар — жайлаған,  
Ғаламатқа болып күш.  
Бір күндік оның жеміне,  
Кетсе де елі — болмай іс.  
Жағымпаздар жайнады,  
Асырып іске айланы.  
Жауыңнан асқан мықты сол,  
Іздеме жауды қайдағы.  
Ықпалы өткен жағымпаз.  
Ісіне тынған өзі раз.  
Ғаламатты ноқталап,  
Ерткеніне күнде мәз.*

Айласы енді істейтін.  
Жолын тосу күдіктің,  
Деп жасаған шешіммен,  
Тұзақты құру үзбейтін.  
Азамат білсе бұл намыс,  
Іс қылмаса түсініп,  
Арамзаға қас қағыс,  
Тұзаққа қағып, ысқырып.

Булыққан ыза шыдамас,  
Толгандырып ұзақ түн,  
Жоғалған әділет табылмас,  
Ашпаса түннің түндігін.  
Жаңарып тусын азамат.  
Өзінің кесіп кіндігін.  
Жоғалған көріп танысын,  
Азаматтың кімдігін.

Арамза құрған тұзақтың.  
Түр-түрін қиып қысқарттым.  
Қысқарып қалған сабағын.  
Жұтынғанға ұстаттым...  
Ауыздықтаса азамат,  
Қиядан таймай тік жүріп,  
Арамза нелер ғаламат.  
Ауыздық шәйнар тіс сынып.

Сілтеген ұзын құрықтар.  
Қалып жатты шорт сынып.  
Әділ болсаң тұрып қал.  
Иілмей қарсы тік тұрып.  
Қарсы тұрып құтқарсаң.  
Көрсетіп шын әділет.  
Болмасты иіп болдырсаң.  
Азаматтық ол міндет.

Жасадым деп ойлаймын.  
Өзім айтқан тілекті.  
Тәуекел ісің — жазады.  
Сыздаған ыза жүректі.

*Сексенге жақын шағыңда.  
Көрінер мәрең алдыңда.  
Біткен күткен істерің.  
Калары хақ жадыңда.*

*Азамат тұрса оңында.  
Бәрі де болар орнында.  
Жазылмас дерт — жағымпаз.  
Кеткен кеулеп сорыңа.  
Тазартпай дертті — айыға.  
Құмарың сенің қанама?  
Көрінбес көзге ол — бір дерт.  
Бір сәтке шықпас дауаға.*

*Жатқан жоқ ешкім түсініп.  
Жоюға дертті — іс қылып,  
Жаққанына — жағымпаз.  
Каламын қайран — Күрсініп,*

*Жүргенде тынбай күрсініп,  
Ашылды түндік — күн шығып,  
Ғасырлаған толқыннан,  
Шықтың ба қалмай тұншығып.  
Бабалар кеткен арманда,  
Жазылмас — дерт қалғанға,  
Ол дауасыз — жағымпаз,  
Жалғаса берер жалғанда.*

*Тереңге кеткен жуандап,  
Киелі дерттің тамыры.  
Караймын көкке алаңдап,  
Бар ма деп шипа тәңірі.*



## "КЕЛДІК БІЗ ФАШИСТЕРМЕН ШАЙҚАСҚАЛЫ"



*Рахаң Ұлытау  
өңіріне белгілі азамат.  
Сонау 1955-1965  
жылдары Қаракеңгір  
шаруашылығына  
басшылық жасады.  
Ұлытауда алғаш ау-  
дандық тұрмыс қажет-  
тін өтеу комбинатын  
ұйымдастырушылардың  
бірі. Аманкелді, Алғабас  
кеңшарларында кәсіп-  
одақ және партия*

*комитеттерінің тізгінін ұстай жүріп, жергілікті жерлерде тәрбие ісінің, мәдениет пен өнердің өсіп-өркендеуіне айтарлықтай үлес қоса білді.*

*Рахымжан ағаның әкесі Тілеубай Сейсебайұлы "Ұлытау" кеңшарында бригадир болып жүріп, 1941 жылы майданға шақырылады. 1942 жылдың көктемінен Сталинградты қорғауға қатысып, сол жолы бір қол, бір аяғынан жарақат алады. Омбы қаласындағы госпитальде он ай жатып емделеді. Енді мына бір оқиға елең еттірмей қоймайды. Ағасының госпитальде жатқанын естіген Атбасар қаласында тұратын қарындасы Балғынай бір семіз биені сатып алып, оны сойып, Омбыдан бір үй жалдап, бес ай жатып, бауырына тамақ беріп тұрады. 1943 жылдың басында ағасын майданға шығарып салады. Шіркін, қарындас ай. Бауыр дегенде жүректерін жұлып беруге бар бұлар.*

*Өкінішке орай, Тілеубай Сейсебайұлы 1943 жылдың шілдесінде Курск майданында ерлікпен қаза табады. Бұл туралы елге қара қағаз келеді. Жауынгер денесі Курск жерінде жерленеді.*

*Соғысқа аттанған Тілеубай ол жақта жүргенде ел-жұртқа өлеңмен де хат жазады екен. Рахымжан аға әкенің екі өлеңін көзінің қарашығындай сақтап жүреді екен. Сонымен бірге кешегі сұрапыл жылдарға арналған өз ой-толғаныстарын да қағаз бетіне түсіріпті.*

## МАЙДАННАН СӘЛЕМ

*Ассалаумағалейкум, Ұлытауым!  
Тараған Оразайдан бауырларым!  
Майданда, жау бетінде біз отырмыз,  
Күтумен туған елдің хабарларын.*

*Қаһарлы қырық бірдің желтоқсаны,  
Есімде сіздерменен қоштасқалы.  
Жол түсіп Сталинград майданына,  
Келдік біз фашистермен шайқасқалы.*

*Бірнеше ай қырғын соғыс майданында,  
Біз жүрдік, от пен жалын жан-жағында.  
Кезекті бір аяусыз шайқас үсті,  
Жараланды бір қолым, аяғым да.*

*Сол ауыр жарақаттың салдарынан,  
Айырылдым туған елдің хабарынан.  
Әскери дәрігердің жолдауымен,  
Бір-ақ шықтым Омбының қаласынан.*

*Балғынай менің жалғыз қарындасым,  
Іздеп келді көл қылып көздің жасын.  
Қасымда бес ай жатып, тыным таппай,  
Жегізді семіз қазы, дәмді асын.*

*Ол келді Атбасардың қаласынан,  
Сарыарқаның кең жазық даласынан.  
Соғыстың қызып тұрған заманында,  
Кол үзіп үйдегі көп баласынан.*

*Балғынай, бұл еңбегің ақталар ма?  
Соғыс тоқтап еліміз шаттанар ма?  
Соғыста олай-бұлай болып кетсем,  
Өзің пана боларсың басқаларға.*

*Алтын еді құдай қосқан нағыз жарым,  
Алты бала сыйлады — менің барым.  
Кеше гөр, о дүниелік болып кетсем,  
Болса егер қателікпен айтқандарым.*



*Салем айт, туған-туыс барлығына,  
Алланың кім көнбейді жарлығына ?  
Бар мақсат — елге-оралу жеңіспенен,  
Қарамай дүниенің тарлығына.*

*Курск майданында біз жатырмыз,  
Қасымда нағыз ерлер, біз батырмыз.  
Дәл көздеп әрбір оқты немістерге,  
Деген оймен жеткізер жеңістерге.*

19 май, 1943 жыл.

## АМАНАТ

*Рахымжан, саған арнап хат жазамын,  
Ішімде кетер ме екен бар арманым.  
Сендердің қызығыңды көрсем деп ем,  
Білмеймін бұл арманның не боларын.*

*Фашистер қарсылықты үдетіп тұр,  
Жауған оқ көңілдерді жүдетіп тұр.  
Көп солдаттың бірі мен майдандағы,  
Сан ойлар мазалайды қай-қайдағы.*

*Бас-көз бол артыңдағы бауырларға-ай,  
Аманат бұл тапсырар саған арнай.  
Әкеңнің ақылы деп сен ұғарсың,  
Отырған сәлемім бұл елге жолдай.*

*Әкең сені өсірді адам етіп,  
Балам деп ұрыса алмадым саған жекіп.  
Мен ағаң, сен інідей болып едің.  
Көрмедім маңдайыңнан бір де шертіп.*

*Алла жазса жеңіспен барамыз біз,  
Фашистерді талқандап жарармыз біз.  
Астында желбіреген қызыл тудың,  
Туған жермен қауышып қалармыз біз.*

Курск майданы. 12.06.1943 ж.

Рахымжан ТІЛЕУБАЙҰЛЫ.

## ҰЛЫ ЖЕҢІС

*Фашистер талай жерді жаулап алды,  
Құтырып жер жүзіне ойран салды.  
Тұтқиылдан елімізге басып кіріп,  
Жазықсыз адамдарды қырып салды.*

*Бұл өзі қырқыншы жылдың басы,  
Соғыстың етек алған бір шамасы.  
Майданда менің әкем соғысып жүр,  
Ауылда шулап қалған біз баласы.*

*Жұмыстың ауырлығы бізге түсті,  
Он төрт-он бес жастағы біздер күшті.  
Санаспай уақытпен күндіз-түні,  
Тындырып біздер жүрдік бар жұмысты.*

*Шоп жинау, егін салу — біздің қолда,  
Карттармен бірге жүрдік, амал бар ма?  
Ойласақ өткен күнді, соғыс кезін,  
Бізден асқан батыр жоқ нағыз сонда.*

*Бірақ та бұл ерлікті кім бағалар?  
Колдан келер біздерде не шама бар?  
Медаль тағып мәз болып жүрміз бүгін,  
Картайғанда қолдау бар ма бізге жарар?*

*Соғыста қаза тапты менің әкем,  
Жамылды топырағын елдің бөтен.  
Деген оймен — жау шебін ерлікпенен,  
Бұзып өтіп бұл жаққа қалай жетем?*

*Соғыста қырылды сан миллион адам,  
Бейбітшілік өмірді көп аңсаған.  
Атылған ажал оқтан аман қалған,  
Елге оралды солдаттар бір-саран.*

*Сол Жеңіс бізге әкелді жақсы заман,  
Кейінгі ұрпақ болса екен есен-аман.  
Болмасын енді қырғын соғыс деген,  
Шын куәсі біздер ғой оны көрген.*

*Әкеден жеттім қалған мен баласы,  
Көзінің ағы менен шын қарасы.  
Жеңістің құрметіне жаздым өлең,  
Естелік болар-ау деп бір шамасы.*

*Жеңістің мерекесі құтты болсын,  
Әлемде бейбітшілік заман болсын.  
Әр шаңырақ, әр ұя аман болып,  
Қуанышқа бөлеген бақыт қонсын.*

## **ҰСТАЗДАРЫМ**

*Зардабын бұл соғыстың біздер көрдік,  
Ауырлығын, салмағын сезіп-білдік.  
Қауырсыны қатпаған балапандар,  
Тірліктің қияметін кезіктірдік.*


*Есімде сол кездегі ұстаздарым,  
Жамауов Қыздарбектей асқан дарын.  
Амал не, біздің қызық ерте үзілді,  
Кара бұлт торлап елдің аспандарын.*

*Ерденнің шөбересі Садық еді,  
Тұрсынбектей ұстазды көзім көрді.  
Түйгені мол Қақатай Райымбеков,  
Дүйсенбаев Хамзе де білім берді.*

*Біз шәкірт осылардан білім алған,  
Және оларды майданға аттандырған.  
Бүгінде сол ұстаздың бірі де жоқ,  
Барлығы қан майданда қаза болған.*

*Оларды біз класс боп аттандырдық,  
Қия алмай соңдарынан көп жер жүрдік.  
Ұмытпасам қырық екінің маусым айы,  
Қоштасып жылауменен налып жүрдік.*

*Бұл шындық сал жылдардан есте қалған,  
Жүректі шымырлатып қайғы салған.  
Ұлы Жеңіс қарсаңында жаздым өлең,  
Көңіл толқыр ерлерді есіме алсам.*



**Файзолла Жәнібекұлы**  
**ӘЖІБЕК**— 1958 жылы туылған,  
мамандығы инженер —  
құрылысшы. Еңбек жолын Жезді  
кен басқармасында экономист  
болып бастаған, кәсіподақ,  
партия, кеңес органдарында  
қызмет еткен, аудандық  
мәдениет бөлімінде меңгеруші,  
жылжымалы құрылыс колон-  
насында бастық, Жезді ауданы  
әкімінің орынбасары, Жезді  
кентінің әкімі болып істеген.  
Қазіргі кезде " Жезбұлақ" "  
коммуналдық мемлекеттік  
кәсіпорынның директоры.

*Ауданда өткізілген жыр мұшәйраларының жеңімпазы.*

## **ҚҰЛЫН МҮШЕ КЕЛІНШЕК**

*Көркі де бар — құлын мүсін, мінезі де ақылды,  
Жалғызбасты бір келіншек мені үйіне шақырды.  
"Қымызды кім ішпейді" деп ойладым, бел будым  
Тусірмеуге қыз алдында жігіт деген атымды.*

*Кездесуге алдын-ала келісіп-ақ қойғандай,  
Құлын мүше келіншекке "барам" дедім ойланбай.  
Сері ойларым сыбырлады "балқисың деп бақытқа",  
Пері ойларым сыбырлады "боласың деп сормаңдай".*

*Былғары есік баұрап алды, ұзақ тұрдым тоқталып,  
Қызылкүрең қоңырауды басқым келіп оқталып.  
Жүрегімнің бұғып жатқан жанартауы атылды,  
Махаббат пен зұлымдықтың ортасында от жанып.*

*Ұзақ тұрдым бірақ, бірақ қоңырауды баспадым,  
Көңілімді жаулап алды пәктік деген асқақ үн.  
Балам, жарым көзге елестеп, қайта қайттым, тек қана  
"Мен келдім" деп есігіне тілдей қағаз тастадым.*

*Қонағыңды қарсы алуға дайындалған қамданып,  
Келмегенге күткен жаның қалдың, білем, шамданып.*

*Үркер ауып кеткенінше сөнбей тұрды сол күні  
Мені күткен терезеңнің көкшіл түсті шамдары.  
"Жігіт емес" деп ойлама, үйден шықпас еріншек,  
Уәдесінде тұра алмайтын жан екен деп көңілшек.  
Адалдықтың ала жібін аттай алмай қалдым мен,  
Кешір мені, кешір мені, құлын мүше келіншек.  
Кешір мені, кешір мені, құлын мүше келіншек!!!*

## **ТӘУБА**

*Сап, сап көңілім, ұмытпайық тәубаны,  
Оны ұмытсақ бастан бақтың ауғаны.  
Қара аспаннан қара ниет жауғаны  
Сарқылғаны өмірдің нәр — саумалы,  
Сап, сап көңілім, ұмытпайық тәубаны.*

*Сап, сап көңілім, өрекімей сәл басыл,  
Көкейіңде айтылмаған бар ма сыр?  
Көк дөненнен жүйріктігін көңілдің,  
Айтқызбай-ақ дәлелдеген сан ғасыр,  
Сап, сап көңілім, өрекімей сәл басыл.*

*Сәл басыл да, көзіңді сал жан-жаққа,  
Сан тарауыл қанша соқпақ қалды артта.  
Бақталайың бас білмей жүр аулақта,  
Ал сен болсаң көз тігесің тау жаққа,  
Сап, сап көңілім, жоқ пен барды салмақта.*

*Күткен кезде қақпан құрып қандыауыз,  
Түткен кезде тағдыр атты жалмауыз.  
Біткен кезде тоз-тоз болып саудамыз,  
Сонда ғана еске түсер тәубамыз.*

*Кейде көңіл сөзді ұқпай аталы,  
Асып-тасып, бой бермей бір жатады.  
Осындайда еске салар тәубаны  
Керек екен Аязбидің шапаны.*

## ҚЫЗМЕТ ЕМЕС - АР ҚЫМБАТ

*Тауға да шықтым — меселім қайтты,  
Ойға да түстім — жалықтым.  
Өткен күндерім кешегімді айтты:  
Жігерім жасып қалыпты.*

*Демеу болам деп құлағандарға,  
Ит міндім, ирек қамшылап.  
Аласы молдау мына заманда  
Бәрібір шындық бар шығар.*

*Бұзғам жоқ сертін келіскен қолдың,  
Өткізген жоқпын бекер күн.  
Көзіне шыққан теріскен болдым  
Әзәзіл менен мекердің.*

*Сиреді жаздың жарқын адамы,  
Қас емес бәрін дос деп көр.  
Сәлемнің өзін салқын алады,  
Бас шұлғып жүрген мәстектер.*

*Мазалап ойлар төзімді қатты,  
Кімдерден сауға сұрайын.  
Айналып келіп өзімді қапты  
Ауылдың иті — мүләйім.*

*Адалдық, пәктік, инабат, мейірім  
Ақиқат отын жандырмақ.  
Қамшы сабындай қысқа гұмырда  
Қызмет емес — ар қымбат.*

## ТУҒАН КҮН

*Өмір диірмен, шыр айналған үміт-күн,  
Қадіріңді енді ғана шын ұқтым.  
Күйкі тірлік күйбеңімен жүргенде,  
Ортасына кеп қалыппын қырықтың.*

*Бұл жас — менің гұмырымның жартысы,  
Бұл жас — менің тағдырымның тал түсі.  
Дұрыс өмір сүру — менің кредом,  
Дәл осылай ойласа екен бар кісі.*

*Қайтем айтып күндерімді кешегі,  
Бақ та болды, сор да болды бес елі.  
Керек маған жүректердің жылуы,  
Керек емес жұрттың пыш-пыш өсегі.*

*Біреу олай, біреу былай дегенмен,  
Өз жолыммен ауытқымай келем мен.  
Мен де адаммын: махаббат бар, сүю бар,  
Сезімімді жеткіземін өлеңмен.*

*Мінезім бар бұзылатын сынаптай,  
Көп адамдар жүреді оны ұнатпай.  
Ренжігенім жауып өткен жаңбырдай,  
Куанғаным — жаңбырдан соң құрақтай.*

*Жалған айтсам өзіме сын, елге мін,  
Жоқ тірегім, я болмаса сенгенім.  
Ешкім мені сипаған жоқ маңдайдан,  
Бәрі, бәрі тек өзімнің еңбегім,*

*Болғанымен талап таудай, бақ сырдаң,  
Ыққаным жоқ ұлықтардан, тақсырдан.  
Әкем маған бастық бол деп айтқан жоқ,  
Әкем маған Адам бол деп тапсырған.*

*Кейде басып көңілімді нала — мұң,  
Кейде жүзем ой-теңізде сананың.  
Өшсем-дағы, өссем-дағы өзгермей,  
Мен баяғы Файзолла боп қаламын.*

## НАЙЗАТАС

(Баллада)

*Жездіден сәл-пәл жырақта,  
"Найзатас" атты қырат бар.  
"Әр тасы тұнған бай тарих"  
Деседі көне құлақтар.*

*"Зар заман шақта кешегі  
Қайтпаған жаудан меселі.  
Батырдың осы төбеде,  
Найзасы қалған деседі.*

*Сол найза тасқа айналып,  
Катпар да қатпар байланып,  
Төбені түгел жауыпты" ...  
Аңызға қазақ бай халық.*

*Найзасы қалсын, қалмасын,  
Шындығы оның арға сын.  
Киелі төбе тарихы,  
Кейіннен тапты жалғасын.*

*Атшаптырымдай көлемі,  
Найзадай үшкір төбе еді.  
Сол Найзатастың ұрпаққа,  
Көп болып шықты берері.*

*Құйқалы, қою жер екен,  
Қойнауы толы кен екен.  
Адамға қажет игілік,  
Жер асты қойма — береке.*

*Халыққа қайғы әкелген,  
Төнгенде қауіп жат елден.  
Отанға қажет металды,  
Найзатас өзі көтерген.*

*Сыналар сәтте ақырғы,  
Жібермей жауға ақыңды.  
Ұлы Отан үшін соғыста,  
Әр тасы оқ боп атылды.*

*Темірдің пірі — марганец,  
Бағасы қымбат — нар күміс.  
Марганец үшін төбеде,  
Басталды қызу бар жұмыс.*

*Бел шешіп, қарап тұрмастан.  
Кайнады еңбек тынбастан.  
Әйелдер, шалдар, балалар —  
Жырласаң бітпес бір дастан.*

*Төбенің басы қаптаған,  
Тас үңгіп, қазып жатты адам.  
Найзатас ашты байлығын,  
Сан ғасыр тығып сақтаған.*



*Бір күні қымбат бір күннен,  
Демалыс жайын кім білген.  
Қара тастарды қақыратып,  
Қайла мен күрек үңгіген.*

*Сан техникадан құралған,  
Бүгінгі шахта бір арман.  
Үңгірден кенді сол кезде,  
Шанамен сүйреп шығарған.*

*Жеңіске деген ұранмен,  
Еңбекке бәрі тірелген.  
Танкінің сыртын қаптаған,  
Марганец қосқан бронмен.*

*Жолыққан тағдыр кез қылып,  
Қиындықтарға төзді үміт.  
Он танкі шықса шайқасқа,  
Тоғызы соның жезділік.*

*Забойлар, штрек, үңгірлер,  
Сыр тартсаң сыңсып күмбірлер.  
Өткерген сол кез басынан.  
Үргіндер мен сүргіндер.*

*Ерен еңбектің жан шыдар,  
Өтеуі әр кез бар шығар.  
Бүгінгі бұлақ — кешегі,  
Тер болып аққан тамшылар.*

*Бүгіндер ұмыт тасталған,  
Кие бар қара тастарда.  
Жездінің барлық шежіресі.  
Дәл осы жерден басталған.*

*Қаһары болған немістің,  
Тарихы осы кеніштің.  
Бір аунап қалсын әруақтар,  
Мерейтойында Жеңістің.*

## ЖЕҢГЕМЕ

*Бас ауырса бәйек боп дәрі берген,  
Аман-есен жүрмісің, сары жеңгем.  
Уақыт жылдам, кеп қапсың жерортаға  
Бәйбіше боп байсалды, сәні келген.*

*Қайындарың ісіңді қылған аңыз,  
Мақтамасақ өзіңді құр қаламыз.  
Алтын сары болғаның қандай жақсы,  
Қара болсаң біз не деп жыр жазамыз.*

*Қартайтпайды адамды төзім ғана,  
Ақыл берген кішіге сөзің дана.  
Көк көз, сары болыпты шын қазақтар,  
Таза қазақ Жездіде өзің ғана.*

*Сіңіп кеттің "Жылкелді" атты руға,  
Келіндерің соңыңнан сап құруда.  
Алла сені жеткізсін Әлихандай  
Немереңнің баласын бақтыруға.*

*Мінезің бар байсалды, кемел әрі,  
Естімептіз қатқыл сөз сенен әлі.  
Бес келінін Жәкеңнің сапқа қойып,  
Басқаратын өзіңсің генералы.*

*Сен түскенде сарыауыз балапанбыз,  
Жылдар саған қалдырды алақанға із.  
Сенің бізге сіңірген еңбегіңді  
Әлі талай жыр қылып таратамыз.*

*Сен дегенде көңілден күй тамардай,  
Қиналамыз беретін сый таба алмай.  
Сөзіңнің ең ауыры "о, жалмауыз",  
Оның өзі маңдайдан сипағандай.*

*Жабырқасақ ақылың қарқын берген,  
Жүре берші жайраңдап жарқын реңмен.  
Құтты болсын елуің, жүз жасай бер,  
Атқан күндей сап-сары, алтын жеңгем.*



*Мұқаш Сейтқазинов 1956 жылы 4 сәуірде Ұлытау ауданы, Қорғасын ауылында туған.*

*Жылы Жезқазған педагогикалық институтын бітірген.*

*Бүгінгі таңда ұстаздық қызмет етеді.*

## "КЕЙКІ ҮҢГІРІН" КӨРГЕНДЕ

*" Ұлт бостандығы үшін басын бәйгеге тіккен батыр Кейкі Кәкембаевтың өз қолымен қалап, қорғаны болған " Тас үңгір" Қорғасын ауылынан (Ұлытау ауданы) 10 шақырым қашықтықта әлі сол қалпы сақталып тұр".*

АВТОР.

*Көкжал-Кейкі жыр арнадым бар тілмен.  
Қиналғанда бере алды ма халқың дем!  
...Құн білетін қас жауларың басыңды,  
Бағалапты ат басындай алтынмен.*

*Қолды сілтеп патша жарнамасына,  
Қолдаушылар және ертпедің қасыңа.  
"Кейкі", — десе, "Сары орыстар" селк етіп  
Қызылдардың қаны шапқан басына.*

*Ұлы болып ұлы қазақ ұлтының,  
Мыңмен жалғыз, сен де алыстың, шіркінім!  
Бар сенерің астыңдағы атын мен  
Мүлт кетпейтін болды берден мылтығың.*

*Тықсырғанда туған жерден жауларың,  
Қорған етті Қорғасынның тауларын.*

*Пана таппай қалың қазақ ішінен  
Тасты шауып "пәтер" салдың Тарланым.*

*Болған шығар өзіңде де есеп шын,  
Жансыздардан өріп жүрді өсек-сұм.  
... Төсеніш қып тас үңгірде астына  
Ағаштардың шіріндісін төсепсің.*

*Тар қапаста кепті-ау талай кенезең,  
Телмірерің-төбен өтер терезең.  
...Ат базарың-қалың тоғай төменде,  
Оқ қазарың — өткел бермес өр өзен.*

*Қанша қорған болғанменен қия-шын,  
Көкжал-Кейкі, оған қалай сиясың?!  
...Сол үңгірің елестетіп тұр көзге  
Қыран құстың қол жетпейтін ұясын!*

## **ӘКЕСІЗ ӨСКЕН ҰЛ ЕДІМ**

*Кейде осылай жыр төгу-көңіл емі,  
Өкініш боп өлеңім төгіледі.  
Үш жасымда қалыптын мен Өзіңнен,  
Үш жастағы бүлдіршін не біледі?...*

*Көз ашқалы сорымды бес елі дер,  
Шерлі күнді шау тартқан шеше білер.  
Мәйітіңді арбаға салған кезде,  
"Жер тепкілеп жыладың" деседі ел.*

*Жер бауырлап жетімек жылағасын,  
Шамалы жан білесін, шыдамасын.  
"Қалдыр" деген қатыгез молданың да,  
Сәби тілмен беріппін сыбағасын.*

*Содан мені жерлеуге апармаған,  
Байғұс ағам жүр деуге бата алмаған.  
Орта жолда қалыптын өкпем өшіп,  
Алып сені қала алмай ат арбадан.*

*Сол күнді әлі өксумен айтар анам,  
Кұлағына сан құйып қайталаған.  
Жылап-жылап сол жерде жатып қаппын,  
Қаралы топ қайтарда байқамаған.*

*Азалы ана демепті: бала қайда?  
Бала деуге шерліде шама қайда?  
Орныңда жоқ мені іздеп ойдан-қырдан  
Қалғандары сабылып қарамай ма?*

*Кұлағымда жоқтаудың зары қапты,  
Ардақтаған елденбіз әруақты.  
Ертеңіне ел болып іздеп мені,  
Қабірінің үстінен тауып апты.*

*Мен құшақтап жылаппын қабіріңді,  
Көрген жоқпын, әке, рас тәліміңді.  
Топырағың дарытқан деп білемін,  
Бойда болса кішкентай дарынымды.*

## **МҰҚАҒАЛИ МҰНДАСЫҢМЕН ЖҮРСІҢ БЕ?**

**(О. Бодықовтың " Шәмші туралы жыр"  
естелігін оқығаннан кейінгі ой)**

*Өмірдің бар қуанышы, наласы,  
Алып тыңды-ау жүрегіңнің жарасы.  
Бүгінгі күн — " Ән тәңірі" атандың,  
Қалдыаяқтың қолды-аяқтай баласы.*

*Ауыртпалық әрбір келген жыл жамап,  
Жігеріңді уатыпты-ау мылжалап.  
Бал ішетін күндеріңде бақыттан,  
Уыс-уыс жүріпсің-ау у жалап.*

*Болсаңдағы саз өнерде Серке анық,  
Жатса-дағы талантыңды ел танып,  
Шөлдепсің-ау шарапатқа Шәмші аға,  
Көрмепсің-ау шекпен киіп, шен тағып.*

Соңына еріп небір өсек, сөз деген,  
Еңсеңді бір көтертпепті-ау езбелер.  
Өз қазағың өзегіңнен тепкенде,  
Өз қушағын ашыпты ғой өзгелер.

Көңіліңнің көңілді ұстап құстарын,  
Сұрланып бір шықпапты ғой сұсты әнің.  
Шырқап жүріп "Сыған серенадасын"  
"Мықты ел" — дедің "Менің Қазақстаным".

Әндеріңмен көрінсең де биік тым,  
Жігіт бопсың асығыңдай киіктің.  
"Ақ бантик" қыз кетіп басқа "Қайықта",  
Изольда-қыз болған екен сүйіктің.

Тірісінде талант-тағдыр тартыста,  
Өлгеннен соң жоқтауға елім жалпы ұста,  
Отызыңда ән ордасын бұзсаң да,  
Атақ-камал алғызбапты-ау алпыста.

Әдірә қап, бар арман мен бар үміт  
Жатқаныңда емханада сарылып  
Күткен атақ жеткен екен өзіңе,  
Ажалыңның ақ кебінін жамылып.

...Шәмші ағатай ол жақта енді күрсінбе!  
Есің кеткен Естайменен бірсің бе?  
...Хор қыздарын әнге қосып жоқ әлде,  
Мұқағали мұңдасыңмен жүрсің бе?!

## **"МЫНА СӘКЕН ҚАЙ СӘКЕН, КІМ БІЛЕДІ?!"**

**(Жезқазған қаласындағы Сәкен ескерткіші)**

"Болды, бітті-біреулер жарайды дер",  
Жан емес қой менімен маңай білер.  
Санадағы Сәкенді көрмегесін,  
Мүсініңе мүсіркеп қарайды ма ел?

Ескерткішті көре алмай үлгідегі,  
Өзегімді өкініш тілгіледі.

*Біздің Сәкен ерекше емес пе еді,  
Мына Сәкен қай Сәкен, кім біледі?!*

*Жарасар оны азамат асқары деу,  
Сұлулықты қиын ба тастан іреу!  
Отырғандай көзіме көрінеді,  
Орынында Сәкеннің басқа біреу.*

*Ұлттың ұлы емес пе айбар еткен,  
Тағдыр жолын тар-дағы тайғақ еткен.  
Сұңқар деуші ек Сәкенді сұлтан деуші ек,  
Сұлулығы қайда кеткен?!*

*Отыр-ау биігінен көп төменде,  
Секілді өңі-кейпі өкпелі-елге.  
...Жазқанат Ақбоз атқа мінгізуге  
Жезқазғанның жезі әлде жетпеген бе?*

*Жеріміз көп қой біздің жаңылысқан,  
Рахат көрген жоқпыз әлі мыстан.  
Сәкенге қарап шіркеу шіренеді,  
Күмбезі көкте күнмен шағылысқан!*



**Мағзумбек МАШАЙЫҚҰЛЫ.**  
**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,**  
**Ұлытау ауданының «Құрметті азаматы».**

## **АТА МҰРАМ**



*Әкеміз бай болмаған мың айдаған,  
Жабырқап кедейлікке мұңаймаған.  
Әкемнің мәрттігі мен кедейлігін,  
Мұра етіп қалдырыпты құдаймаған.*

*Әкеме дәулетті алла құрамаған,  
Тағдырдың соққысынан құламаған.  
Өзінде жоқ нәрсені табиғи етіп,  
Ешқашан өзгелерден сұрамаған.*

*Бір күнде үйде бәрі бітеді екен,  
Кезі жоқ бірақ түтін түтемеген.  
Барын қанағат қып, тәуба деген  
Несібесін алладан тек күтеді екен.*

*Дүние жиып әкеміз қаттамаған,  
Біреудің ала жібін аттамаған.  
Көзі тірі кезінде дейтін еді,  
"Арыңды дүниеге сатпа балам".*

*— Кешірімің көп балса бақыттысың,  
Жақсылық кеңітеді уақыт тынысын.  
Үнемі көңілді жүр көп жасайсың,  
Берілме ойға қатты, ойы құрысын.*

*Жолама, аздырады арақ-сыра,  
Бастама қауіпті істі көре-тұра.  
— Деп әкем үнемі айтып отыратын,  
Сөздер болды маған ата мұра.*



## ҰРПАҚТАРҒА ҰЛАҒАТ

*Өтіпті қиын ғасырлар,  
Өтіпті небір асылдар.  
Жеті Жарғы жазған Әз-Тәуке,  
Қасқа жол салған Қасымдар.  
Аспаған солар асу бар,  
Ұрпақтар сендер асыңдар.  
Жақсылармен жақтас бол,  
Жамандардан қашыңдар.  
Біз ашпаған көптеген,  
Жаңалықты ашыңдар.  
Қиындықтан жасқанбай,  
Қарыштап алға басыңдар.  
Достықты әр кез құрметтеп,  
Дұшпанның мысын басыңдар.  
Шықпасын араларыңнан,  
Өмірге мынау масылдар.  
Сендердікі бұл заман,  
Дариядай шалқып тасыңдар.*

## АҚСАҚАЛДАР АҚЫЛШЫҢ

*Бірлік елдің көгенделер желісі,  
Бірлік болса бүлінбейді ел іші.  
Қариялар сол бірліктің қазығы,  
Көпті көрген, мол ақылдың кеніші.*

*Жамандықтың жолын олар кеседі,  
Жібермейді озбырлыққа есені.  
Ағайынның арасында дау туса,  
Ақсақалдар ақылменен шешеді.*

*Бізге сырттан келетұғын жау бар ма?  
Ақылменен шешілмейтін дау бар ма?  
Бірлігі бар, қарттары бар мықты елге,  
Ешқашанда жуымайды жаулар да.*

*Адамзатқа тек жақсылық арнайық,  
Ашуға еріп, араздасып қалмайық.*

*Ақсақалдар шешер істі ағайын,  
Сотка беріп, ушықтырып алмайық.*

*Ашу деген есіңді алар "анаша",  
Ашуыңа түссін ақыл араша.  
Шекпенің кең, шенің үлкен болса да,  
Болайықшы үлкендерден аласа.*

*Қарттарымыз біздің тілеуқорымыз,  
Бата берсе жақсылыққа жорыңыз.  
Сол қарттардың арқасында жетті ғой,  
Биіктерге созған біздің қолымыз.*

*Бір-біріне сыйластықпен қараған,  
Татулықты шығармаған санадан.  
Біз ие боп жүрген осы өмірдің,  
Ірге тасын солар берік қалаған.*

*Адастырмас ақылшымыз бүгінде,  
Жеңілдейді арқаңдағы жүгің де.  
Ертең әлі-ақ осы жүрген қарттардың,  
Орнын басып қаламыз ғой түбінде.*

## **НЕ ПАЙДА**

*Өмірде бар ғой қилы адам,  
Жақсыны әркім сыйлаған.  
Ақылсыз кейбір пендені,  
Көргенде қатты қиналам.  
Өзінен өзі ісініп,  
Терісіне сыймаған.  
Адалдық жоқ ісінде,  
Арамнан дүние жинаған.  
Өзге түгіл қызықты,  
Өзіне де қимаған.  
Көкірекке сана құймаған,  
Өзінше жоқ деп ойлайды.  
Өзінен асқан милы адам.  
Желбас бала кешегі,  
Шулатып жүрген көшені.  
Жиналған жерде лепіріп,  
Байлығын айтып бөседі.*

Интернатқа өткізген,  
Бақпай әке-шешені.  
Көкейін дүние теседі  
Оның пасық ойынша,  
Бәрінде байлық шешеді.  
Қауіптің жолын кеседі.  
Қызметі де өседі.  
Деп сабазың еседі.  
Байлықтан соң айтары,  
Аунаған арам төсегі.  
Жар болған мұндай кеппеген,  
Әйелдің соры бес елі.  
Мақтаншақтық — бұл да бір.  
Ғасырдың ауыр кеселі.

Байлығыңнан не пайда,  
Басқаға пайдаң тимесе.  
Қамқа тоннан не пайда,  
Жарқыратып кимесе.  
Барыңнан елге не пайда,  
Қажеттіге бермесең.  
Ағайын, туыс-туғанға,  
Қолыңды бірақ сермесең.  
Үйіңе қонақ келмесе,  
Соңыңнан ешкім ермесе.  
Байлығының қызығын,  
Жұртымен бірге көрмесе.  
Теңізден оған не пайда,  
Су іше алмай шөлдесе.  
Тірлігіңнен не пайда,  
Бауырыңнан ұрпақ ермесе  
Екі көзден не пайда,  
Жақсыларды көрмесе.  
Демейме ертең қиналсаң,  
"Өрем қапсын өлмесе".  
Билігіңнен не пайда.  
Өзіңді әркім билесе.  
Халқыңа пайдаң тимесе.  
Ұнатпай мінез-ісіңді,  
Оқты көзбен ел түйресе.  
Жүрегіңе сөздері,  
Қадалып жатса инеше.

Бойыңа сіңбей ішкенің,  
Асқазанды түйнесе.  
Бөлініп елден қаларсың,  
Үзіліп қалған түймеше.  
Баладан жаман не пайда,  
Сен күйген отқа күймесе.  
Төрдегі алтын басыңды,  
Есікке қарай сүйресе.  
Қызығудан не пайда,  
Өзіңді сұлу сүймесе.  
Өте шықса сөйлеспей.  
Тоқтамай кеткен күймеше.  
Қосылғаннан не пайда,  
Кетпесеңдер үйлесе.  
Жар болып та жарытпас,  
Еркін ләпсі билесе.  
Біліміңнен не пайда,  
Кәдеге оның аспаса.  
Бір жаңалық ашпаса.  
Талпынғаннан не пайда,  
Ісің алға баспаса.  
Қиялдан жақсы не пайда,  
Болып шықса басқаша.  
Басшыңнан мықты не пайда,  
Жамандыққа бастаса.  
Жақсылыққа баспаса.  
Арыңды кірлеп ластаса.  
Биліктен айтқан не пайда.  
Өтірікті растаса.  
Керегі не тірліктің,  
Қатарымен жүрмесе.  
Үйіңе ешкім кірмесе.  
Теңімен ойнап-күлмесе.  
Ешкім көзге ілмесе.  
Туысыңнан не пайда,  
Халыңды сұрап білмесе.  
Жаман достан не пайда,  
Кіріп алып ішіңе,  
Шағатын қара бүргеше.  
Өнеріңнен не пайда,  
Көрсетпесең дарынды.  
Жіберсең сузга "Салыңды".

Жастығыңнан не пайда,  
Лаулатпасаң жалынды,  
Болмасаң іскер, шалымды,  
Сипамаса сұлу саныңды,  
Жігерің құм боп үгіліп,  
Кинарсың текке жаныңды.  
Ақылдан айтқан не пайда,  
Айтқаныңды ұқпаса.  
Ақындықтан не пайда,  
Жазғандарың өзгенің,  
Көңілінен шықпаса.  
Тиер деп соққы маңдайдан.  
Сескеніп дұшпан бұқпаса.  
Күштыіктен не пайда,  
Алысқанын жықпаса.  
Батырлықтан не пайда,  
Айбынынан жау ықпаса.  
Азадан саған не пайда,  
Болмаса егер панасы.  
Ініден саған не пайда,  
Болмаса ақыл-санасы.  
Келініңнен не пайда,  
Ата-енені бақпаса.  
Үйіңді сілкіп қақпаса.  
Отыңды дұрыс жақпаса.  
Ұят пен арды аттаса.  
Туғанынан не пайда,  
Балаң да оны жақтаса.  
Дәрменсіз ақыл айтуға,  
Бетінен оның қақпаса.  
Пайдасы жоқ болса да,  
Осының бәрі бар болсын.  
Өмірге келген пендеге,  
Бір Алла өзі жар болсын.



## ҰЛЫТАУ ЖАТЫР СЫР БҮГІП...



Ұлытауым — туған жерім, бесігім,  
Өзіңде аштым тұңғыш өмір есігін.  
Перзентіңді аялайсың анадай,  
Мен өзіңе жыр арнасам несімін?!

Сақшыдай ел шебінде қас қақпаған,  
Тым тәккәппар шыңдарың  
асқақ маған.

Ұлытауым, асқарың мұнарланып,  
Алыс кетсем шалғайда ас батпаған...

Сағыныш боп тұрасың мұнарланып,  
Саф ауаңды жұтамын құмарланып.

Дара тауым, бақ тауым, өзіңді аңсап,  
Жүректе бір сағыныш тұрар жанып.

Уа, туған жер, өзіңді аңсағамын,  
Құшағыңда жұтамын таң самалын.  
Ақ қайыңды орманда серуендеп,  
Жұпар иісті жұтамын, тамсанамын.

Үш Жүздің бір кез басын қосқансың,  
Сан жағдайға жонарқаңды тосқансың...  
Ұлытауым — ұлылықтың ордасы,  
Кең төсінде, батыр бабам, жортқансың!...

Жауға шабар бейне алып батырсың,  
Бар сырыңды ішке бүгіп жатырсың.  
Асқақ, кербез, Ұлытауым, сен барда,  
Елім күнде бейбіт таңын атырсын!

Едіге батыр жатыр шыңның басында,  
Едіге тау жарасып тұр қасыңда.  
Кішітау да ініңдей боп қол бұлғар,  
Ыстық маған лағыл түс тарғыл тасың да!

Карт Ұлытау, сен, көненің көзісің,  
Ұлтым мақтан етіп айтар сөзісің!  
Бар қазақтың басын қосып бір кезде,  
Талай Ханды көтерген жер — өзіңсің!

*Шет жоқ қой шежірелі сырларыңда,  
Сыр тұнған мың сан оба, қырларыңда...  
Ұрпағың ұлы істердің басында жүр,  
Қырда — мал, дән толқыған қырманыңда.*

*Ұлытау — қасиетті туған жерім,  
Балалық бал-думанын қуған жерім!  
Туған жер, қадіріңнен айналайын,  
Береке, ырыс толы думан белің.*

*Ұлытауым, өзіңді мақтан етем,  
"Киелі мекенім!" деп мақтап өтем.  
Атыңа кір келтірмес бір ұлың боп,  
Перзенттік парызымды ақтап өтем.*

## **ТІРЛІК, БІРЛІК - БІР ҰҒЫМ**

*Біл, замандас, тірлік, бірлік — бір ұғым,  
Бұл дегенің түсінгенге ірі ұғым!  
Бәріміз де осы өмірге қонақпыз,  
Бір күні ажал салады өз "құрығын"...*

*Біл, замандас, өмір-күрес, дүрлікпе...  
Береке, байлық-ынтымақ пен бірлікте  
Өмір деген — қамшы саптай қысқа зой,  
Демек, достым, сыйласайық тірлікте!*

*Өмір сырын біз саралап білдік пе?!  
Шын достарда болмауы керек бір бүкпе!  
Досқа адал боп, тату-тәтті күн кешсең,  
Сонда ғана "Біз сыйласып жүрдік" — де!*

*Өмір-жүзген жолаушылар кемесі,  
Есіңде ме, ата-бабаң кеңесі.  
"Мағыналы өткіз, өмір қайтып келмейді!"  
Десем, достым, ақылгөйсің — демеші!*

*Бұл фәниде болса тату — бірлігің,  
Арта түсер ырыс-бақыт, тірлігің  
"Ырыс алды-ынтымақ" деп ұғынсаң.  
Көрінеді сенің асқақ, ірілігің.*

*Өмір жайлы көп толғандың демеші,  
Қысылғанда сүйеу болып демеші.  
Бұрылмайды, шаруаңды қамтып қал,  
Тоқтамайды үлкен өмір "кемесі..."*

## **ТУҒАН ЕЛІМ - МАҚТАНЫМ**

*Туған елім, мақтан етем мен сені!  
Халқым, елім, көтер биік еңсені.  
Көк Байрағым желбіреді биікте,  
Біз ежелден ел едік қой еңселі.*

*Туған елім, мақтан етем мен сені,  
Өркенді елмен қатар қоям тең сені.  
Егеменбіз, Елтаңбаң бар қастерлі,  
Биік ұстап келем бүгін еңсені.*

*Дәуірлей бер, туған елім-мақтаным!  
Арайланып ата берсін ақ таңың.  
Перзентіңмін, аялай бер, туған жер.  
Кең төсінде өтер барлық шақтарым.*

*Дәуірлей бер, туған елім-мақтаным,  
Сенде таттым берекелі бақ дәмін...  
Перзентің боп, тірлік етіп жүрсем де,  
Дей алмаспын: — "Парызымды ақтадым".*

*Дәуірлей бер, туған елім-мақтаным,  
Жайнай берсін жазираң, саябақтарың,  
Тәуелсіз ел — Қазақстан гүл жайнап...  
Бақ-береке сыйлай берсін ақ таңым!*

## **АНА ДЕГЕН - ТІРШІЛІКТІҢ ТІРЕГІ**

*Ана деген — шалқар теңіз айдыны,  
Ана деген — заңғар таулар айбыны.  
Ана деген — тіршіліктің тірегі,  
Ана деген — әр адамның Ай, Күні!*



*Ана даңқы бар әлемге әйгілі,  
Ана шіркін тыным көрген қай күні?!  
Ұрпағы үшін түсіп отқа, суға да,  
Көтерер ол бар ауырлық, қайғыны!*

*Ана деген — бастау көзі өмірдің,  
Ана деген нұр — шуағы көңілдің.  
"Ана" деп біз тіл қатамыз ең алғаш,  
"Ана" десем шығар жарқын көңілді ұн.*

*"Ана" десем — шығар жарқын көңілді ұн,  
Тірегім де, жанашырым, көңілдім.  
Мерекеде ұзақ гұмыр, бақ тілеп,  
Мен анама жырымды арнап төгілдім.*

*Ана деген — мөлдірлігім, пәктігім,  
Аналардай шуақ төгіп атты Күн.  
Ана деген — мейірімді шуақ-нұр,  
Ана деген — бар қуаныш, шаттығым.*

*Куәсі — анам талай нұрлы шақтардың,  
Ақ сүтін мен қалай ғана ақтармын?!  
Перзентіңнің қабыл алғай сәлемін,  
Жүрегімнен жыр бұлағын ақтардым!*

## **ДОСТЫҚ, БІРЛІК МЕКЕНІ**

*Халқым менің, арта берсін бірлігің,  
Жазирамда өркен жайған тірлігің.  
Мамыражай Мамырымда ырысты,  
Нұрын сеуіп Ару-Күн де тұр бүгін!*

*Нұрын сеуіп Ару-Күн де тұр бүгін  
Көңілдерге шуақ төгіп тұрды Күн.  
Дархан елім бірлігінің бейнесі,  
Шабыт шалқып, төгіледі жыр бүгін!*

*Шабыт шалқып төгіледі жыр бүгін,  
Зеңгір көкте күлімдейді нұрлы күн!  
Жүректерде — ізгі ниет, ақ тілек,  
Келешекке баста мені, нұр — Күнім!*

*Асқақ даусым алыстарға жетеді.  
Ел бірлігі мәңгілікке кетеді.  
Ешбір ұлтты жатсынбаймын, сене бер.  
Қазақстан — сан халықтар мекені!*

*Ашып бүгін мамырдың бір парағын,  
Адамдардың нұр жүзіне қарадым.  
Меркелік думанға кел қалыспа,  
Ел бірлігі арта берсін, қарағым!*

*Барша халық тірлік еткен бірлесіп,  
"Қазақстан — ортақ Отан бір!" — десін.  
Бар халықты аялаған, тербеген,  
Қазақстан аялы, алып бір бесік!*

## **ЖЕҢІСТУЫ ЖЕЛЫРЕЙ БЕР, МӘҢГІЛІК!**

*«Хош, құлыным, бесікте сен қаласың,  
Қан майданға қарсы туған баласың.  
Сілкіндірді шырылдаған дауысың,  
Еуропа мен Азияның арасын!*

*Хош, құлыным, хош, құлыным, жылама,  
Жылама да, көзді жаспен бұлама!  
Жауды жеңіп ораламын, құлыным,  
Жеткізеді қасыңдағы бұл Ана!...»*

*...Соғыс жайлы осы әнді әкем айтатын,  
Жанарына жас уйіріліп, қайтатын...  
Қаниша бала қалды екен шырылдап?!  
Еске алуға жоқ қой менің, жай хақым!*

*Қаниша бала бесікте шырылдаған?!  
Төбіреніс әкелді жырым маған!  
Күңіренген ауылдар көз алдымда...  
Әкем айтқан соғыстың сырын маған.*

*Бүкіл әлем ішін тартты күрсініп,  
Зор алапат, басталды да бір сұмдық!*

*Ай жасқанды жер бетіне қарауға,  
Қара бұлтқа жасырынды, күн сүңгіп!*

*Отан-Ана қақты қатер дабылын,  
Кек кернеген шықты жсайқын жалын үн!  
Соғыс! Сенің атың қандай үрейлі,  
Құлаққа жат естіледі сарының!*

*От жалынған қан майданда сұрапыл,  
Жауға тіктеп ер қаруын бұратын!  
Кек кернеген әр жүректің төрінде,  
"Отан!" деген жалғыз ұғым тұратын.*

*Жойқын күшке жан түршігер — ғаламат,  
Қаймықпастан қарсы тұрды азамат.  
Ерліктері ел сүйсінген ерлердің,  
Жер-Әлемді кетті шарлап, аралап.*

*Шұғыласы нұрландырып жер үстін,  
Келген жоқ қой оңайлықпен Жеңіс күн!  
Майдангерлер жүріп өткен жол қандай!  
Ұмытуға тиіс емес мұны ешкім!*

*Соғыс өрті жалмап қала, даланы,  
Күңірентті зой қарияны, баланы...  
Ана еңбекте жүрді белі қайысып,  
Соғыстағы жан-жары боп алаңы...*

*Неміс ашқан соғыс елге жария,  
Көздің жасы, қан да ақты дария...  
Майдан үшін жанқиярлық тылда еңбек,  
Тұрды сапқа: әйел, бала, қария!*

*Өршеленіп ұмтылды жау басына,  
Жөңкілді ерлер бойға қару асына.  
Тылда ауырлық түсті елге қаниама,  
Тілдеп жатты ел жауларын ашына!*

*"Отан үшін, майдан үшін!" — ұраны,  
Таң рауандап құс ұйқы боп тұрады!  
Таң атысы-күн батысы тылда еңбек,  
Тыл көмегін — майдан жаққа бұрады!*

*Қан соғыста берік болды тылымыз,  
Ауылдағы елге құрмет қылыңыз!  
Тылдағы сол қариялар жоқ бүгін,  
Үнсіз ғана бір сәт іштен тыныңыз!...*


*Тебіреніп соғыс жайын қозғадым,  
Уа, аналар, жарыңды іздеп боздадың!...  
Отан үшін опат болған майданда,  
Рухыңа мен бас иемін, боздағым!*

*Таба алмаспыз көп жандарды қайдан да!  
Жер жастанды, оққа ұшып майданда...  
Тағзым ету — бүгінгі ұрнақ парызы,  
Жүрсе-дағы қай шетте ол қай маңда!*

*Оқ пен отты кешіп өткен майданда ер,  
Жеңіс күнің құтты болсын майдангер!  
Жеңіс оты алауласын мәңгілік,  
Мамыражай бар тірлігін жайған бел!*

*Бүгін шаттық — мереке, Жеңісті күн,  
Алпыс рет тойладық Жеңіс күнін.  
Ендігі ұрнақ көрмей өтсін соғысты,  
Тыныштығын тілейік жер үстінің!*

*Шығыс жақтан келді Ару — Таң күліп,  
Біз Жеңісті жырға қостық ән қылып!  
Ұлы елімнің ұлылығын паш етіп,  
Жеңіс туы желбірей бер, мәңгілік!*



## МАЙДАНГЕР ӘКЕНІ САҒЫНУ



*Арайланып атса таңы мамырдың,  
Аялайды жұмыр жерді жалын-күн.  
45-тің мамырында Жеңіс кеп,  
Сейілген-тін қара қайғы, қалың мұң.*

*Оңайлықпен келген деме бұл Жеңіс,  
Өткерді ел қырғын майдан, қан төгіс  
Жиырма миллион үзілді үміт,  
ақ арман,  
Қантөгіссіз өтіп еді қай соғыс!*

*Майданда — ерлік, тылда — еңбек  
еселі,*

*Жеңіс күнін жақындатты, әкелді.*

*Бұл күні мен сағынышпен еске алам,  
Қан майданнан оралған өз әкемді.*

*Әкем айтқан Жеңіс күнгі әр кеште,  
Соғыс жайлы әңгімелер қалды есте.  
Қара шаңырақ Қарсақбайдан аттанып —  
Майдан жолы басталыпты Харьковте.*

*Қара түнек жер үсті, оқ бораған,  
Қаншама жер қалды отқа оранған.  
Будапешттен аяқталып сол жорық.  
Жеңіспенен әкем елге оралған.*

*Жеңіс келіп жердің жүзін жайнатқан,  
Күй кернепті, көңілдерді жайлапты ән  
Әкем еңбек жолын бастап жиырма жыл,  
Қарсақбайда мыс қазанын қайнатқан.*

*...Ей, адамзат! Жеңіс атты ұлы істі ұқ,  
Өмір берген Жеңіс бізге тым ыстық.  
Басымды ием майдангерлер алдында,  
Күллі әлемге тілей жүріп **ТЫНЫШТЫҚ!!!***

## НАУРЫЗ - КӨКТЕМ

*Наурыз туды, қуантып дүйім елді,  
Көктемменен көңілімнің күйі де енді.  
Қайтқан құстар қиқулап әлдиімен,  
Тербетеді жаңғыртып көк пен жерді.*

*Керіледі кең дала, керім дала,  
Секілді жаңа түскен келін бала  
Тіршілікті Наурыз кеп жаңғыртқанда,  
Күнім Жаңа, елім мен жерім Жаңа!!!*

*Маңғаз таулар маужырап қысқы ұйқыдан,  
" Алтын күрек " еседі желпіп қырдан.  
Наурыз тойдан басталған нұр — көктемге,  
Наурыз — сыйын арнадым асыл жырдан.  
Сезім шіркін, шығанға ала қашып,  
Арнасынан барады асып-тасып.  
Туған жердің төскейі — тукті кілем,  
Гүл терейік, тау қызы, далаға шық!*

*Көк жиектен көлбеңдеп мұнар-сағым,  
Сай-салада сылдырлар қар суы ағып.  
Өз қолыммен өрілген бәйшешектен,  
Көкірегінде қояйын десте тағып.*

## ҰЛЫТАУ

*Ұлытау үлгісі боп ұлылықтың,  
Шыңына туын тіктің бірліктің.  
Үңіліп, тәкәппар тау, тастарыңа,  
Шеріңнің, шежіреңнің сырын ұқтым.*

*Кіндігі Сарыарқадай құтты жердің,  
Тарихтың құпиясынан дерек бердің.  
Үш жүздің басын қосқан қасиетің —  
Ұраны болды талай кемеңгердің.*

*Ұлытау, есіміңді елің сүйген,  
Шыңдарың көкке ұмтылып, бұлтқа тиген.*

*Батырлар қол бастаған жауға шапқан,  
Бата алып Әйтеке, Қазыбек Төле биден.*

*Шыңдалған небір жаумен шайқасқанда,  
Ерліктің ізі қалды әр тасыңда.  
Қашанда қуат беріп қазағыма,  
Қарт Ұлытау, өзің тұрдың ортасында.*

*...Саф ауа, кәусар бұлақ, самал желің,  
Ашады орман-тоғай тау реңін.  
Шарласам сай-салаңды табаныма,  
Тиеді мамық болып тасың сенің.*

*Қойнауың таусылмайтын бағалы кен,  
Бауырың төрт түлікке толған мекен.  
Ұқтырған ұлылықты тұлғасымен,  
Саған тең жұмыр жерде тау бар ма екен?!*

## **ДҮЛДҮЛ ШАБЫТ**

*Шабытым қайтпай жүрген шалғайдағы,  
Көктемдей көңілімнің бал-қаймағы.  
Қолым жүрмей отырмын, мазаны алып,  
Қиыспйтын ұйқастар қай-қайдағы.*

*Шабыт келмей жырларым қырық құрақ —  
Ала алмадым ешкімнен шабыт сұрап.  
Шумақтардың қалдым-ау шаңын қауып,  
Бұлт жапқандай күн жүзін көз бұлдырап.*

*Көңілім қостай ішінде жүн сабаған.  
Мен, беймаза күй кешкен — жұмбақ адам.  
Шабыт келіп, шіркін-ай, жыр төгер ме ем,  
Қуып тастап ойларды тұмшалаған.*

*Кел, қайдасың сырласым, дүлдүл шабыт.  
Көңілімді бір шиырла ойнақ салып.  
Зарықтырма, жырымнан тарықтырма,  
Қаламын зой жырсыз мен аласарып!*

## ОҢАШАДАҒЫ ОЙЛАР

*Ойлар! Ойлар, басымды шырман алған,  
Сиқыр сезім, ақ үміт, асқақ арман.  
Кей сәттерде жанымды жабырқатып,  
Қиялымды кей сәтте нұрға малған.*

*Бірі кетсе, бірі кеп кимелейді.  
Бойымды бір ерекше күй билейді.  
Кең сарайы көңілімнің құлазыса,  
Кемел ойлар қиянға сүйрелейді.*

*Шексіз ойлар жанымды жетелеген,  
Соңдарынан еріксіз ертеді екен.  
Арпалысып ойлармен оңашада,  
Ой-дарияға тұңғыық сүңгіп кетем.*

*Өмір, бәлкім, ұсынар мол сыйлығын,  
Оқыста егер бітпес дәм-бұйрығым.  
Жыр-жайлауда ойларды тебіндетем,  
Ерттеп мініп, шабыттың Шалқұрығын!*

## РАУШАН - ГҮЛ

*Тағдырмен тіресуді қалай ма адам?  
Арманым қалды алыста арайлаған.  
Жүдеттің жүрегімді хабар салмай,  
Өзіңді оралар деп қарайлағам.*

*Сен мені ойлайсың ба, Раушан-гүлім?!  
Еске алышы мысты қала мақпал түнін.  
Жалықпай жағасында тыңдаушы едік,  
Жарасып көлде жүзген аққу үнін.*

*Сен мені ұмыттың ба, кекілді қыз?  
Канша рет көктем жылап, өкінді күз.  
Сағыныш саған деген сарғайтса да,  
Кайтадан қауышпайтын секілдіміз.*

*Кеш батып бір өзіңсіз, атады ақ таң,  
Сырласқан ару-баққа мұңым шаққам.*



*Кеттің бе бағаламай сол сезімді  
Гүл таққан омырауыңа махаббаттан.*

*Шынымен алыстады-ау ара қашық,  
Кетеді көңіл кейде ала қашып.  
Өмір-өзен! Ағыспен барады ағып,  
Басыңа бақ тілеген бала-ғашық!!!*

## **САҒЫМ - СЕЗІМ**

*Шалыс басып, шамасы, шалыным да,  
Шарпыттым-ау жанымды жалын-мұңға.  
Санамдағы сөндіріп ақ сәулені,  
Сергелдеңге, сезімім, салындың ба?!*

*Бас айналып бақыттан тасқанымда,  
Жолың кесіп, орынсыз жасқадым ба?  
Мені сүйген жүрекпен жалғастырған,  
Сезімімді жоғалттым қас-қағымда.*

*Сиқыр ойдың мың түсіп арбауына,  
Кұлай кеткем жүректің қалауына,  
Сезім семіп, тұрлаусыз тұл өмірдің,  
Кызығы да азайып қалды-ау, мына!*

*Жарым көңіл бүгінде күй талғайды,  
Әзіл арбап, өтірік күлкі алдайды.  
Сол бір сезім жаңа бүр жармай қойды,  
(Жетектеп қосқан тазы түлкі алмайды).*

*Кысқа таңды көз ілмей атырамын,  
Сансыз ойды санамда сапырамын.  
Сезімімді оятышы өзің келіп,  
Жабырқатпай жанымның жапырағын!*

**Фарида БАЙДІЛДИНОВА.**

## **ТЫҢДА МЕНІ, ТЫҢ ДАЛА**



" Жарты ғасыр болды тыңның  
өзіне! "

Жүгінейік тыңгерлердің сөзіне,  
Құлазыған байтақ далам,  
шіркін-ай,

Айналдың ғой сен  
байлықтың көзіне".

Түн түндігін еңбегімен түргенін,  
Диқан бабам тыным таппай  
жүргенін.

" Нан болса егер ән болады "

— деуші еді,

Ұлылардан осы ұлағат білгенім!

*Қадалып жерге тулары,  
Естіліп диқан шулары.  
Елсізге тағы жан бітіп,  
Басталар дала думаны.*

*Алтын дәнін терген ел,  
Сары алтынын зерделер.  
Жыл сайын құйып мол астық.  
Ақ бидай қырда тербелер!*

*Тыңгермін, Далам, танып ал,  
Бойымда бабам қаны бар.  
Туған ел қайда жұмсаса,  
Белсеніп сонда табылар.  
Ақ бидай елі — Қостанай,  
Молшылық көз болғандай.  
Көргенде астық алқабын  
Көңілім сірә толғандай.*

*Егіні Терісаққан, алған астық  
Дән өсіріп, жерлестер алға бастық.  
Ұлытау алтын астық өлкесі ғой,  
Мадақтап тың даланы, алға астым,*

*Сірә самал аймалайды бетімді,  
Ұрпақтарың тер төгуге бекінді.  
Қашан келсем туған жердің құшағы.  
Анашымның ақ жүрегі секілді.*

*Жетпістен қазір асқандар,  
Айтатын сенде дастан бар.  
Тың далама — елу жыл,  
Тың жайлы сыр бастаңдар.*

*Тың жайлы сыр бастаңдар,  
Тарихтан әрі аспаңдар.  
Нан деген — өмір, құдірет,  
Дәнді аяққа баспаңдар!*

*Тербелген тыңда дәнім бар,  
Тербелген тыңда әнім бар.  
Астығым — теңіз толқыған,  
Кербез белде сәнім бар.*

*Дихандарды ер етем,  
Тың далам — менің берекем!  
Тың далада тер төккен,  
Қазағым менің ер екен.  
Орыс, "хохол", татар да...  
Мың сан ұлт жүрді қатарда,  
Дән үшін күрес далада,  
Еңбексіз таңың атар ма ?!*

*Еңбекте ерді шыңдайық,  
Канатың жатыр тың жайып,  
Қамбаны дәнге толтырған,  
"Тың" дастанын тыңдайық.  
Тыңымда астық шалқыған,  
"Тың" десем кетер шалқып, ән.  
Толқиды дән теңізі,  
Комбайн — кеме қалқыған.*

*Ырысты қазақ даласы,  
Ешкімнің жоқ таласы,  
Бірлесіп тыңды көтердік,  
Сан ұлттардың баласы.*

*Көрмей тыным маза мың...  
Көрген бейнет азабын,*

*Түрен салып әр жерге,  
Тер төкті зой қазағым!*

*Диханды дәйім жақтағам,  
Даламнан байтақ бақ табам.  
Ел ырзығы — сары далам,  
Тыңымды айтып мақтанам.*

*Көз тігеді мың ғалам,  
Кең төсінде шыңдалам  
Шежіреңді шертейін,  
Тыңда мені, тың далам.*

*Тың далам — менің асылым,  
Сырым жоқ сенен жасырын,  
Өтіпті міне, думанды.  
Еңбекпен жарты гасырың!*

## **ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАУ**

*Жеңіс күнін жыр етіп айта аламын,  
Жеңіс күнін жыл сайын қайталадым.  
Жеңіс бізге келген жоқ оңайлықпен,  
"Жеңіс" бүгін шаттанып айтар әнім.*

*Мен алаңда, көріп тұрмын суреттер,  
Ғұлама, батыр, данышпандар, құдіреттер.  
Бауыржан батыр — дара тұлға, бәйтерек,  
Бабаларды қастерлеген құдіретті ел!*

*Әлия мен Мәншүкті білмей кім едік?  
Сол апалар Жеңіс беріп түледік!  
Екі сурет сөйлеп кетті кенеттен:  
"Біз сендердей жаңа ашылған гүл едік,*

*Елге бақыт, жерге бақыт тіледік,  
Ел тағдыры — ауыр жүк боп тіреліп.  
Қара түнек көк аспанды жапқанда  
Біздер ме едік үй бағатын "тірі өлік"?!  
Қан майданға қойып кеттік бел түріп,  
Жан тапсырдық жауымызды өлтіріп..."  
Қос апаммен осылайша мұңдастым,  
Қанша гүлді үзіп кетті жел тұрып...?!  
Қан майданға қойып кеттік бел түріп,  
Жан тапсырдық жауымызды өлтіріп..."  
Қос апаммен осылайша мұңдастым,  
Қанша гүлді үзіп кетті жел тұрып...?!*



*Түлкібай ДОСЫМҰЛЫ - 1935 жылы Ұлытауда туған. Ұзақ жылдар жүргізуші-киномеханик болып еңбек еткен. Қазір зейнеткер ол еңбек пен өнерді ұштастырған жан. Көңіл толғаныстарын өлеңмен өрнектеуді өміріне серік еткен.*

## ТІЛЕГІМ БАР

*Тілегім бар — болса екен елім аман,  
Егемендік жолына басқан қадам.  
Құрыштай берік болса ынтымағы,  
Тұлдеп өсер Отаным — Қазақстан...*

*Тілегім бар — қатайса бұғанамыз,  
Көздеген биіктерге шыға аламыз.  
Төрткүл дүние таниды бізді бүгін,  
Күшіміз бар "алыпты" жыға аламыз.*

*Тілегім бар — болса екен жастар аман,  
Содырлардан сақтағай о, жасаған...  
Соғысты ойын көретін "қанқұмарлар",  
Сығалайды жасырын босағадан*

*Сақтаныңдар — ел сатқан адамдардан,  
Қара жүрек, қайырымсыз надандардан.  
Баянды бақыт берші қазағым,  
Құтты қыл Тәуелсіздік қадамдарың.*

## САҒЫНЫШ

*Үркердей елде қалған, құрдастарым,  
Сендерге сағынышты хат жолдадым.  
Естисем аман-есен жүр дегенді,  
Балаша үйде отырып мәз боламын.*

Сағындым туған ауылды,  
Ағалап шығар бауырды.  
Түс ауып кеткен шағымда,  
Алдыңа жайдым барымды.

Өмір өтіп барады,  
Бұлжымас уақыт талабы.  
Сағынып жүрмін бәріңді,  
Жастығым сағым боп қалды.

Жасымда бірге жүрген жолдастарым,  
Сендермен біраз болды сырласпадым.  
Жемісі сыйласқанның осы шығар,  
Көрмесем өздеріңді сағынғаным.

Кездескенде, құрдасым.  
Бір жасап өзім қаламын.  
Әзілдесіп әлденіп  
Бойыма қуат аламын.

Кездескенде, құрдасым,  
Әзілдің табар жалғасын.  
Айтылмай қалған сыр болса,  
Келсей іздеп табарсың.

Аман жүр, құрдас, аман жүр  
Жүйткіген талмай, тұлпарым  
Зымырап өмір барады,  
Белгісіз қашан тоқтарын.

## АРМАН - КӨКТЕМ

Армансыз адам дүниеден өткен бе?  
Ой келеді маған нұрлы көктемде.  
Кара жерді қымтап жатқан қалың қар,  
Кетті еріп, көктем желі өпкенде.

*Оңашада ой жүзгіртіп өткенге,  
Тақап қаптын жетпісіңші көктемге.  
Былтыр кеткен хош айтысып жыл құсы,  
Сарыарқаны қайта аңсап жеткен бе?!*

*Шабыт берген көктем ақын адамға,  
Жетелеген ұшқыр қиял, арманға.  
Құстар сайрап, балалар ойнап, қуанған  
Бұл тіршілік тәтті екен зой балдан да.  
Масатыдай сары далам құлпырған,  
Сары далада сан алуан сыр тұнған,*

*...Кіріп келсем ақ отауға қарсы алды  
Бір келіншек сары қымыз сапырған.  
Үзбеп едім бір тал гүлді мен аяп  
Әттеген-ай! Жасымды айтам түс ауған.*

## **ҰЛДАРЫМА ӨСИЕТ**

*Есті жігіт — елінің қыран құсы,  
Айта жүрер халқының жыры да осы.  
Батыр бол, сен, атақты Бауыржандай,  
Аңыз болған ұрпаққа қылған ісі.*

*Қажымұқан танытқан бізді әлемге,  
Абайменен мақтандық бүкіл елге.  
Қазақ деген ел барын Егеменді,  
Мойындатты Елбасы жер жүзіне.*

*Қуанады ата-ана ұл боп туса,  
Ел намысын қорғар — деп жауға барса.  
"Елсіз қалған ер жетім" деген сөзді,  
Есті жігіт ел сүйген жаттап алса!*

## МӨЛДІР АСПАН - ТҰҢҒИЫҚ ТАЗАЛЫҒЫ


*Ізеттілік мектебі ауылдарда,  
Айтады мұны рас деп ғалымдар да.  
Өтпейтін алдын кесіп үлкендердің,  
Мың рахмет жасы кіші бауырларға.*

*Теңізі тәрбиенің шаңырақта,  
Айтқанды ұғып алар жастық шақта.  
Әкесі сәлем берсе үлкендерге,  
Баласы қоса тұрар сол заматта.*

*Қайырымдылық қазақтың қанында бар,  
Даулы жерде бір ауыз сөзге тұрар.  
Сөзін бөлмей үлкеннің тыңдай білсе,  
Болашақта сол жігіт билік құрар.*

*Имандылық ауылдан бастау алған,  
Инабат пен ізгілік — дала тұнған.  
Мөлдір аспан — тұңғиық тазалығы,  
Қазақта деп мақтанам дара туган.*





**Кенжалин Жұмағали  
ҚАЛДЫҰЛЫ** - Ұлытау ауданы  
Қоскөл ауылы тұрғыны (Қарақұм  
тумасы. 1965 жылы туған.

Целиноград ауыл шаруашылық  
техникумын бітірген. Бүгінгі таңда  
ауылда мәдениет үйінің меңгеру-  
шісі. Отбасы үш бала тәрбиелеп  
өсіріп отыр. Өлең — оның өмірі.

## НАУРЫЗ ЖЫРЫ

*Наурызым шашып шуақ келді міне,  
Құр қарап қала алмаспыз енді біз де.  
Ұлыстың ұлағатты тойын көріп,  
Бір ұлың сәлем жолдап келді сізге.*

*Армысыз Атажұрттың армандары  
Дейді зой бұл өмірде жалған бәрі.  
Армысыз қанат қомдап қарлығаштай,  
Көше алмай құмды ауылда қалғандары.*

*Білмеген құм қадірін — қарау пенде.  
Не өмір бар деп сөгер сонау шөлде.*

*Суыңнан, топырағыңнан айналайын,  
Сірә да бір қасиет бар-ау сенде.*

*Жыл құсы қағып қанат көктемінде.  
Дүбірлі той жалғасып мектебімде.  
Қария, жастары бар абыр-сабыр,  
Қарайды сағынышпен өткеніне.*

*Елім бар ертеңіме үміттімін,  
Әрқашан атсын әр кез күліп күнім.  
Еңіреп ел аңсаған азаматтар,  
Бір туға бастарыңды біріктіргін.*

*Аналар алтын алқа тағынғандар,  
Еңсені ерлігімен — жалын жандар.  
Өсірген ұрпағыңыз өнегелі,  
Дәстүрлі ата-баба жалын жалғар.*

*Сытылып, сырғыгандай суық айың,  
Көңілді мұңдандырма құрып уайым.  
Қалдырған алтын белгі ұрпағына  
Мен қалай қос ананы ұмытайын.*

*Еске алам есік жаққа алаңдаймын,  
Тербеп күй, сыңсып әуен салам дәйім.  
Ғұмырың ұзартылар ұрпағыңмен,  
Сөндірмес ошағыңды — балаң дайын.*

*Наурызым шашып шуақ келді міне,  
Мейірім шуағыңды төк енді бізге.  
Ұлыстың Ұлы күні оң болсын деп,  
Түсейік тәуекел деп елдік ізге!*

## **СЫНЫҚШЫ СӘУЛЕГЕ**

*Аялы ақ алақан — бақ тынысым,  
Сен мүлдем жаралғансың шаттық үшін.  
Адамға ашқан кезде, аждаһа аузын,  
Ажалға ара түскен ақ қылышың.  
Маңайың мәртебеңді мәпелейді,  
Осындай сеніміңмен — пәктік үшін.*

*Санамда сақталып ән — сауық құрған,  
Кеткем жоқ жалғандықта ауып жырдан.  
Сезініп адам дертін нұр көзінен,  
Ем-домын қапияда тауып тұрған.  
Аланың бір құдіреті келгендерді  
Сырқатын сылауменен сауықтырған.*

*Нұры бар жанарында жаратқанның,  
Кейінің көңілінде бар ақ таңның.  
Алдында адамзаттың ақталуға.  
Сертіңмен серпімді ойды сан ақтардың.  
Аялап алақаның адамдарды,  
Жаныңа шуақ құйсын жаратқан мың.*

## ҰЛЫТАУ

Ұлытауым сен Ұлысың.  
Бақ, береке — тынысым.  
Өткен өмір өрнегі бар кейпіңде,  
Ұландарың мойындайды мұны шын.  
Болашаққа айқын сенің бағдарың,  
Бағыт сілтеп тұрған мынау тұрысың.  
Мызғымайсың, мүлгімейсің мәңгілік —  
Ұландарың өсті өркендеп сән құрып.  
Ұлы мекен ұрпағыңмен тірісің.

Бабалардың бақ тынысы үнісің,  
Рухы боп атар алдан күнісің.  
Ұлылықтың мәңгі ізі бар іргеңде,  
Ей, ұланым тусіне көр мұны шын.  
Сенің Ұлы қасиетің бар шығар,  
Менің алға жүрсе егер бір ісім.  
Тәу ете көр, тәуелсіздік теңдікте,  
Бастап барша ел-жұртыңды елдікке  
Болашақта арта берсін ырысың!



*Қайрат Жұмабаев КЕНЖЕКҰЛЫ 1964 жылы 10 шілдеде Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Шеңбер ауылында туған. Қарағанды Мемлекеттік Университетінің филология факультетін бітірген. Қазіргі уақытта Шеңбер ауылында мұғалім.*

## САҒЫНЫШ

*Іздеймін әке, сені сағынамын,  
Қызғанды ма біздерден тәңір бағын.  
Жүргендейсіз сіз әлі ортамызда,  
Жалғастырып ошақтың қоңыр әнін.*

*Тағдыр бірақ қоймайды сенбесеңе,  
Көз жеткізді айналып келмесеңе.  
Орнында бар — оңалар дегендей-ақ.  
Біз де ілесіп келеміз ел көшіне.*

*Жоқтығыңа әке, рас қиналамын,  
Салмақ түсті бүгінде миға қалың.  
Әке, сені бейуақта еске алсам,  
Дамбырамнан бір қоңыр күй табамын.*

## АНАМА

*Пейілің дархан даладай анашымсың,  
Ұрпағыңа арнаған бар асылың.  
Келешектің қамын жеп, бақыт — нұрға,  
Жеткізсем деп біздерді аласұрдың.*

*Анашым-ау, біз үшін дара шыңсың,  
Көңілімнің көгінде дара тұрсың.  
Ана деген шуақты күн емес пе,  
Бар нұрыңды себесең балаң үшін.*

*Ештеңе де жетпейді пейіліңе,  
Үлгі-нұсқа қалдырдың кейінгіге.  
Бір өзіңді пір тұтып көтерілем.  
Өмірдің асқар шыңды биігіне.*

## ҚЫРЫҚ ЖАСЫҢ ӨТКЕНІМЕ ОЙ САЛДЫ

*зайыбым Сәулеге арналады*

*Манаурап жұпар иіс көк лебі,  
Жүрегіме махаббат боп көктеді.  
Есіңде ме наурыздың сегізі,  
Сексен төрттің көктемі.*

*Тықылдаған аяқтағы біз етік,  
Бара жаттық махаббатқа із етіп.  
Аспандағы жымың қаққан жұлдызбен,  
Желсіз түнде тілдескен де біз едік.*

*Жел қаққанда қара шашты түзедің.  
Толықсыған жиырмадағы қыз едің,  
Келе жаттық айдын шалқар көлдегі.  
Қос аққудай жұбын жазбай жүзетін.*

*Өткеніме қырық жасың ой салды,  
Жылжып жылдар артта талай ай қалды.  
Бес баланың анасысың сен бүгін,  
Құтты келін, берекелі байсалды.*

## ҰЛЫТАУЫМ

*Жалғасып өскен тауда қатар қайың,  
Сыбырын естігенде жата алмаймын.  
Жарық сәуле төккенде күн арайын.  
Тасыңа үңілем де жыр қараймын.  
Бабамның алақанын ұстағандай,  
Жылылық сезінгендей сипалаймын.*

**Қалжан МІНЖАНҚЫЗЫ,  
зейнеткер, тыл ардагері.**

## **ҰРПАҒЫМДЫ КӨРЕМІН ДЕ ҚУАНАМ**

*Алатаудай ақ қыраулы басым бар.  
Сексен екі дейтін бүгін жасым бар.  
Балаларым, гибрат сөз — біздерден,  
Ұлы өмірге қадамды нық басыңдар!*

*Кешегі емес, бүгін заман өзгерді,  
Қилы-қилы заманды да көз көрді...  
Тыңда ұрпақ, өткенімді қозғайын,  
Бір тәңірім күш-қуатпен сөз берді!*

*Қарсы алып, шуағы мол көктемді,  
Тebіреніп еске аламын өткенді!  
Құдай қосқан Бейсенбегім фәниден,  
Отыз жеті — мүшелінде өткен-ді!...*

*Бес ұл, бір қыз қалды менің қасымда.  
Мехнат-бейнет көп көрдім зой жасымда...  
Кәрілік те салып жатыр салмағын,  
Аппақ қарлы тау шыңындай шашым да!*

*Бейсенбектен кейін қалған — "өкіл" ем,  
Амандықты бір Тәңірден өтінем!  
"Тым болмаса бір баланың қызығын,  
Бейсенбегім көрмеді-ау!" деп өкінем!...*

*Тілеу-тілеу бір міндет қой ол — дағы,  
Өсіп-жетті барлық балам қолдағы,  
Бүгін міне ырзалықпен айтайын:  
Ата-бабам әруағы қолдады!*

*Ұл-ұяға, қыз-қияға кетіпті,  
Немере мен шөбере де жетіпті!  
Мен соларды көремін де қуанам,  
Соны маған Алла нәсіп етіпті!*

## • ЖАС ТАЛАНТТАР

Эльмира МАҚСҰТҚЫЗЫ

### ҰЛЫТАУДЫҢ ҚЫЗЫМЫН!



*Тау қызымын гүл боп өсіп келемін,  
Таудың сырын, тау тарихын білемін.  
Сарыарқаның "Ұлы" атанған тауына  
Нұрлы жүзбен мен басымды иемін!*

*Ұлытауым сен тұрасың қасымда,  
Ел қорғаған бабам жатыр басыңда.  
Сенде елімнің тарихы жатыр зажайып  
Бабаларым жазып кеткен тасында.*

*Ұлытау қызымын мен ұлылықтың  
Ұлылықты мен кәрі таудан ұқтым  
Тұмар қыз апамыздан өнеге алып  
Жаманнан безіп — қашып басты бұқтым.*

*Сүйемін бақ тауымды, сақ тауымды,  
Тілеймін ұлылықты сақтауыңды  
Білемін Ұлытауым күтесің сен,  
Тәрбие -тәліміңді ақтауымды.*

*Тасбұлақ, ағып жатқан мөлдір суың,  
Аппақ қар, майысқақ тал, қайың-нуың.  
Ұлытау, ұлы болып сен тұрғанда,  
Желбіреп мәңгі тұрар көкшіл туым!*

*Ұлытау ұлылықтың астанасы,  
Қасиет, құдіреттің баспанасы  
Өзіңді шексіз сүйем туған жерім,  
Бұл менің сезімімнің бастамасы.*

## АСТАНА

*Астана сен елімнің кіндігісің,  
Жайқалған, жадыраған қыр гүлісің.  
Әлемде көркіменен таңқалдырар,  
Қазағымның сен сұлу дүлдүлісің.*

*Әр ғимарат тарихтың бетін ашқан,  
Астана таңқаламын көркіңе асқан,  
Бәйтерек мұнарасы жалтырайды.  
Алыстан күн нұрымен шағылысқан.*

*Жүре бер, Нұрсұлтанның нұр жолымен,  
Жасай бер! О, Астана нұр төгілген.  
Ән тыңдап, Шәмші ағаның асқақтаған.  
Армандап, бақ тіледім оң қолыммен.*

*Сенен көрем тарихтың сыр шерткенін,  
Сенен көрем қазағымның бектерін.  
О, Астана көріп тұрмын бейнеңнен,  
Болашақтың сені қалап ерткенін.*

## **МЕКТЕБІМ АЛТЫН ҰЯМ**

*Білім берген, көзімді ашқан мектебім,  
Суын ішіп біліммен мен өскенмін.  
Әр кірпішін сөйлеп маған тұрғандай,  
Көзді қадап сенен алыс кетпедім.*

*Осы мектеп білім берген маған да,  
Білім алған Төрегелді ағам да.  
Ұлытауым сенің сұлу бейнеңнен,  
Сауат ашқан Зердеш бабам да.*

*Сені қиып қалай ғана кетемін,  
Түсінемін, мектеп-бақыт екенін.  
Кір келтірмей сенің "ұлы" атыңа,  
Мақсатыма біліміммен жетемін.*



## **ЖЫРЫҢДАҒЫ БІР ҰШҚЫН**

*Алыпсың ата, алыпсың,  
Ізгі жол баста салыпсың.  
Маған қонған секілді,  
Жырыңдағы бір ұшқын.  
Жіңішке жолды болсам да,  
Өлеңді маған дарыттың.*

*Тұнығыңа қанықпын,  
Кеудеме шырақ жағыппын.  
Сыйынып өзіңе әрқашан,  
Жыр көгенін азғыттым.*

*Қанатты жырың самғаған,  
Құдіретіңе таңғалам.  
Асылдың сынығы мен болам,  
Айқын мақсатын жалғаған.*

## **ӨЛЕҢНІҢ МӘНІ**

*Абайдың жанын ұғармын,  
Жалғасы боп жыр-әннің.  
Бүгінгі Абай тойына,  
Көптеген өлең шығардым.  
Арнаған көп өлеңім,  
Мәнісін айтқым келеді.  
Абайдай асыл бейнені,  
Бір өлеңге сыйғызу,  
Мүмкін емес себебі.  
Құрметтеген ел үшін,  
Арнаған өлең мен үшін.  
Абайдай асыл бабамыз.  
Таусылмайтын сырларым.  
Жарқылдайтын жырларым.  
Әлі көп жыр арнаймын,  
Аман болса тіл-жағым.*

*Жолымды құдай оңдағай,  
Абай атам қолдағай.  
Сыйынып келдім бабама,  
Қалдырма деп табаға  
Риза бола беремін,  
Қазылар берген бағаға.  
Амандық елге тілеймін,  
Апалар мен ағаға.*

## **АБАЙ ТОЙЫНА БАРҒАНДА**

*Шабытым шырқау шыңға шарықтаған,  
Көңілім аспаныңда қалықтаған.  
"Я, сәт" деп жеріңе табан тіредім,  
Армысың Карагандым алып қалам.*

*Байтақ елмен қауыштым сағынысып,  
Ой-санамды Абайдың әні құшып.  
Құшақ толы жсырыммен келіп жеттім,  
Жұдырықтай жүрегіммен алып ұшып.*

*Қанаттанған артыңнан жасың едім,  
Әрқашан мейіріміңе бас иемін.  
Қасиетті Ұлытаудың қызы едім,  
Жатсынба, құшағыңды аш, асыл елім.*

*Келгенде алдарыңа жырды ұсына,  
Ағайын туган балаң, қызды сына.  
Шапалағың шабыт берсін! Ұлытаудың,  
Қанаты қатаймаған бір құсына.*

*Алдыңа келіп тұрған балғын балаң,  
Абайдай көз тігеді алғыр бабам.  
Алысқа шақырады сан армандар,  
Артымда Ұлытауым қол бұлғаған.*

*Емеспін жүрген ақын атақ еріп,  
Жас талантпын, талпынған атама еріп.*

*" Жолың болсын қызым" деп аттандырды,  
Қарт Ұлытау қолын жайып бата беріп.*

*Ауылым да артымнан сенім ертіп,  
Жігерімді бойыма берік етіп.  
Келіп тұрмын жамағат алдарыңа,  
Өлеңімді өзіме серік етіп.*

*Үмітін өр елімнің арқаладым,  
Сағынышын жеткізіп сар даланың.  
Үкілеп бәйгеге қосқан құлагер ем,  
" Батыраштар " сілтемесін балталарын.  
Алдарыңа ақын боп келіп тұрсам,  
Асыл елім сіздердің арқаларың.*

*Толғап келгенде мен дағы өз жырымды,  
Дубірлеген тойыңа ортақ үнім.  
Абай ата сала жүр көз қырыңды,  
Қолдай жүр мен де бір ұрпағыңмын.*

*Абай ақын бақыттымын сенің арқаң,  
Және елімнің арқасы жаны дархан.  
Ел үмітін ақтасам арманым не?  
Ақынға және өлеңге сенім артам.*



## **ҰЛЫТАУЫМ - ЖЫР - ӘНІМ**

*Ұлытауым, тудым сенің төсіңде,  
Тарих — сыры бүгінгі ұрпақ есінде.  
Тілі, діні, салт-дәстүрі оралып,  
Қазағымның мәртебесі өсуде.*

*Алыс кетсем кетпейсің сен ойымнан,  
Ұлылықты ұғады ұлың бойыңнан.  
Айғақтап тұр шежірең мен шеріңді —  
Баурыңдағы бал-бал тастар қойылған.*

*Ұлытауым, жыр өзегі өзіңсің,  
Көнелердің қалған асыл көзісің.  
Өткерсең де талай сынын заманның,  
Тектілік пен таусылмайтын төзімсің.*

*Сарқылмайды саған деген құмарым,  
Нар тұлғаңнан қуат алып тұрамын.  
Қасиетіңнен айналайын Ұлытау,  
Бір өзіңе арналады жыр-әнім!*

## **АРНАУ**

**(Мектебімізге мемлекет қайраткері,  
ұлытаулық Камал Смайыловтың  
есімі берілуі құрметіне)**

*Қағамыз қанат өзіңде,  
Білімнің шырқау шыңына.  
Үйреттің әркез төзуге,  
Өмірдің қатал сынына.*

*Арманға қанат қағуда,  
Өзіңде өтті қыс-жаздар.  
Шамшырағын жағуда,  
Білімнің — біздің ұстаздар.*

*70-ке толдың сен бүгін,  
Саяңда сайран саламыз.  
Атына мектебіміздің,  
Ие боп Камал ағамыз!*

*Мәртебең биік болды енді,  
Бар шаттық келіп енгендей.  
Ұлытау тіпті гүлденді,  
Камалы қайтып келгендей!!!*

**Данәгул КЕЛЕСОВА.**

## **ТУҒАН ЖЕР**

*Туған жер, топырағыңнан жаралғанмын,  
Саф ауа, бал бұлақтан нәр алғанмын.  
Кетсем мен сапар шегіп, алысқа ұзап,  
Сағынып, жыл құсындай оралғанмын.*

*Желпісе самал желің есіп алдан,  
Кеудеме ұялаған асыл арман.  
Бал дәурен — балалықпен қызық қуып,  
Қырқаңа гүл теруге талай барғам.*

*Туған жер, алыс кетсем асығамын,  
Саяңда салғам талай гашық әнін.  
Тек сенен сұлулықтың сырын ұқтым,  
Сондықтан тағзым етіп, бас ұрамын!*

## **АНАМА**

*Аяулы анам, жарық дүние сыйлаған,  
Жан баласын жамандыққа қимаған.  
"Айналайын" дегеніңнен қуат ап,  
Өн бойыма тек жақсылық жинағам.*

*Қанаттыға қақтырмаған баласын,  
Бір өзіңсің өмірдегі дара шың.  
Жақсы ісіме қуанасың, риза боп,  
Қатем болса сәл мұңайып қаласың.*

*Кеңейтетін балаңның ой-санасын,  
Жер жаһанда бар ма сендей жан асыл?!  
Мен ержетіп ақ сүтіңді ақтармын,  
Бар тілегім — сен аман бол анашым.*

*Асыл анам, баға жетпес байлығым,  
Шуақ шашқан аспандағы ай-күнім.  
Бұл жалғанда тілейтінім, тек сенің —  
Кабасыңды шалмасыншы қайғы-мұң!*

**Динара МАРТҚАМАЛОВА.**

## **АНАМА**

*Асыл ана, батыр ана, жан ана,  
Саған жетер бұл өмірде жоқ дана.  
Мәңгі жүрші жанымда сен аман боп,  
Өн бойымда дарытып ой мен сана.*


*Анашым сенсің менің байлық барым,  
Сондай ыстық аялы алақаның.  
Айналдым Ана деген абзал жаннан,  
Атсыншы анамменен әрбір таңым.*

*Аналар ғой бұл өмірдің тірегі,  
Алыс жүрсем түсіме жиі кіреді.  
Маған қымбат аналардың мейірімі,  
Ақ батасы — лүпілдеген жүрегі.*

*Тілейміз ұзақ ғұмыр аналарға.  
Тек соларға арналған өлең, жыр да,  
Аналардан сезімтал жан жоқ, сірә  
Пәк көңілі тұнған бір нәзік сырға.*

*Сандуғаш ИЛЬЯСОВА.*

## **БАЙҚОҢЫРҒА АРНАУ**



*Байқоңырыр — ауыяым,  
Өткерген тарих дауылын.  
Шарықта Ауыл жылдары,  
Мекені қалың қауымның.*

*Ағады өзен Бұланты,  
Балықтары шолпылдап,  
Жыл құсы келіп қонады,  
Үйрек, қаздар қаңқылдап.*

*Жолында тұрар егіз қыр.  
"Егізтөбе" аты бар,  
Бір-бірінен аунытпай,  
Жаратты екен қандай пір!*

*Меруерт ДӘУЛЕТИЯРОВА.*

## **КӨКТЕМДЕЙ, ДОСЫМ, КҮЛ ЕНДІ!**

*Бәйшешек басты қыр астын,  
Бәйшешек теріп қыр астым.  
Бозторғай салды әніне,  
Табиғат, маған сыр аштың.*

*Құстарым төгіп көктен үн,  
Қырым да гүл боп көктедің.  
Сағындырып ел-жұртты,  
Келдің бе тағы, көктемім.*

*Көктем гой күлген бұл енді,  
Кең далам жасыл кілемді.  
Айналам нұрға тұнып тұр,  
Жан досым, Күндей күл енді!*

*Келдің бе тағы, көктемім  
Бетімді өпті өкпегің.*

*Сағынып сен келгенде,  
Жыр маржанын төгемін.*

*Келдің бе тағы, көктемім,  
Бір гүлің болып көктедім.  
Сағындырып сен келсең,  
Айтар сырым көп менің.*

## **ТУҒАН ЕЛІМ - МАҚТАНЫМ**

*(1 маусым — Балаларды  
қорғау күніне арналады)*

*"Қазақстан — Отаным!" деп мақтанам,  
Саясында сайран салма, бақ табам!  
Қанаттанып, талаптанып, талпынып,  
Білім атты биік шыңға аттанам!*

*Елім менің — мақтанышым, тірегім,  
"Елім!" десем елжірейді жүрегім.  
Қазақ деген дархан, дана елім бар,  
"Қазақың!" деп мен шаттанып жүремін!*

*Қазақстан, бір қызыңмын, еркеңмін,  
Шаттығымды жырға қосып шертемін.  
Құтты болсын мерекеміз бүгінгі,  
Бүгінгіден нұрлы менің ертеңі!*

**Ләззат СӘРКЕЕВА.**

## **АУЫЛЫМА**

*Нуқамыс Сарысудың жағасында,  
Жыланды көп адырдың арасында.  
Еспенің тоғанымен тал-дарағы,  
Сарысудың мақтанышы нанасың ба?!*

*Арқаның аталы бір кең даласы,  
Аққу-қаз, үйрекпенен, шағаласы.*



*Қалың ел, төрт түлік мал бәрі сыйған,  
Сарысу — барлығының "баспанасы".*

*Сарысу көңіл-күйлі текті өлкем,  
Тектілік өз бойыма ерте жеткен.  
Қарасаң даласына бас шайқайсың,  
Шіркін-ай, мынау өлкем неткен көркем!*

**Қымбат БАЛҒАЗИНА.**

## **ӘКЕМЕ**

*Жақыным сен, ішінде барша жанның,  
Қызыңды мәпелеуден шаршамадың.  
Бәз біреу қатал жандай көрсе-дағы,  
Бұл пікірді тас-талқан пәршаладың.*

*Қабағыңмен талай жайды ұқтырдың,  
Қатулансаң мен де ширап, нық тұрдым.  
Аса қатал болмасаң да, жан әке,  
Дос сүйсінтіп, дұшпаныңды ықтырдың.*

*Сен жетелеп мені алға бастадың,  
Қызың самғап, шығар әлі асқақ үн.  
Жеткізем деп жүрсің мені мақсатқа,  
Арманға қол жетпес сәтте қас қағым.*

*Жеткізерсің бәлкім бір күн ұшпаққа,  
Қайсар қызың самғап биік ұшпақ та.  
Асқар таудай қорған, әке, сен барда,  
Әмір мынау алмас ауыр қыспаққа...*

*Кен қопарып, шаршайсың зой кейде тым,  
Отан үшін, отбасы үшін — бейнетің.  
Бұл қызыңды арман баққа жеткізсең,  
Сол бейнеттің көрерсің мол зейнетін.*

*Өмір күрес, заңына бағынамын,  
Алыс кетсем, жан әке, сағынамын.  
Өзіңді жырға қосып, буырқанып,  
Еңіске тау суындай ағыламын.*

## ҰМЫТУ ҚИЫН...

*Жаным-ау, өзің, сездірдің асыл сезімді,  
Көңілде жаттап жүремін әрбір сөзіңді!  
Қоштасқан сол бір қимас сәт әлі есімде,  
Ұмыту қиын ұмыту қиын өзіңді...*

*Ұмыту қиын, ұмыту қиын өзіңді,  
Жолыңа қарап, талдырып жүрмін көзімді.  
Толқындай тулап, жүрегім тыным таппайды,  
Қоштасқан сәттен тауыстың менде төзімді.*

*Қайран күндер, бірге өткен тойлауменен,  
Сенсіз сан күн өтуде ойлауменен...  
Бәлкім сен де менен сәлем күтесің,  
Жүрек сыздап, бей-жөй ғып қойды-ау денем...*

## ТҮСІНБЕЙСІҢ...

*Менің нәзік жүрегімді ұрладың,  
Тебіреніп жүрек сырын жырладым.  
"Сүйемін!" деп айтпадың ғой, қайтейін...  
Мен де үнсіз жауап күтіп тұрғанмын!*

*Қол созғанмын, өзіңсің, түсімдегі,  
Түсін менің жанымды, түсін мені.  
Сен үшін мені бәлкім ұғу қиын,  
Ғашық жанның жән екен түсінгені...*

*Жүрек сырын дөп басып, ұғынбадың,  
"Сен жанымды түсін" деп сұғынбадым...  
Түсінбеуің сен мені мүмкін емес,  
Әлі сен түсінер деп ұғынғанмын.*

*Түсінбеуің сен мені мүмкін емес.  
Сырым менің — сен үшін мүмкін — елес...  
Саған аштым сырымды, біл, махаббат —  
Бұлаңдаған қырдағы түлкің емес.*

*Өкініштен өртеніп, мың жанамын,  
Жаным, сені өзгеден қызғанамын.*

*Сен менің гулдей нәзік жанымды ұғын,  
Жан сыры тереңде зой қыз баланың.*

*"Сүйемін!" айттым сырды қайталап,  
Түсінгенге сырын жүрек айта алад.  
Күдікте көп, үміт те мол, сенім көп,  
Сен түсінсең, үміт гүлі жайқалад!*

*Махаббаттың табармын ба бір емін?!  
Бір өзің деп зұмыр кешіп жүремін...  
Жаным — сенде, мен өзіңе зашықпын,  
Түсінбейсің, жоқ па сенің жүрегің?!*

**Гүлиаш ӘЛЖАН.**

## **ЕРЕН ЕРЛЕР**

*Ата салтын сақтаған,  
Әділет жолын жақтаған.  
Жауға да қолды бастаған,  
Батыр да шыққан ерлерден.*

*Тағы түзді түлеткен,  
Жапанды жерге гүл еккен.  
Бірлік жырын ту еткен,  
Аманда жүрші әмәнда.  
Иесі жалпақ ғаламның,  
Тірегі асыл адамның.*

*Ананы да сый-құрметке бөлеген,  
Ер сыйлаған халқым неткен көреген.  
Ер баланы артық көріп бәрінен  
Ұрпағымның жалғасы деп,  
Пір тұтады төреден.*

*Еліміздің қорғаны мен тірегі,  
Аман бол деп бала-шаға тіледі.  
Сен бар болсаң ұлы ерлер әмәнда,  
Әр отбасы бақыт шамын жағар да.*

*Ерен ерлер өздеріңсіз ертеңім,  
Өсе берер, өздеріңмен өркенім.*

*Ерлігің мен батырлығың дастан боп,  
Жүрші әрқашан мына бізге бастау боп.*

*Арқа сүйер жүректі ерендерім,  
Қорғаны өздерің зой кемелді елдің.  
Атақ даңқың осылай шыға берсін,  
Мың жасаған теректей кемелденгін.*

## **ТАРИХ ШЕЖІРЕСІ**

*Ақтарсаң тарихыңның шежіресін,  
41-45 деген қызыл санды сен көресің.  
Қып-қызыл шоқтай жанған бұл сандардың  
Үңіліп байқап көрші ережесін.  
Бұл жылдар бастан кешкен қайғы жылдар,  
Айта алмай іште кеткен талай сырлар.  
Бар жұртың үміт шамын сөндірген жыл,  
Халқына үрейді де төндірген жыл.  
Соғыс оты күл етті армандарды,  
Енді гана алау боп жанғандарды.  
"Соғыс" деген жалғыз сөз сыйғызады,  
Жер-көктегі алапат ойрандарды.  
Алапат өртеп кетті жердің бетін.  
Кетірген елдің шырқын, жердің сұрқын.  
Қайғы мен қасіретің қатар орнап,  
Ел-жұртың қалды емес пе әбден сорлап.  
Табандылық танытқан арыстарым,  
Кар мен мұзды үй етіп қоныстандың.  
Қаныңды жау ағызып жатсадағы,  
Дүлей жаумен аянбай соғысқаның.  
Қаншама батырларың шыққан елден  
Шыбын жанды аямай туған жерден,  
Қиындықтың тауқыметін бірге тартып,  
Бұл жеңіс келді білем қанмен, термен.  
Өректің соғып тұрды ел жүрегі  
Үміт пен сенім болды ел тілегі.  
Бірлік барда Жеңіс бар деген ұран,  
Жалау боп жүректерде желбіреді.  
Жеңіс туы көкке өрлеп желбіреді,  
Оңай олжа емесін ел біледі.  
Желбіресін мәңгілік Жеңіс туы,  
Қабыл болып әр кезде ел тілегі.*

*Зұлым сөзді осы бір ұмытайық,  
Келеді өсіп жастар да үміт алып.  
Бар адам коре берсін шаттық таңын.  
Мәңгілік маздатайық бақыт шамын.  
Аналарым әрқашан аман болсын.  
Үнемі бейбітшілік заман болсын.  
Немере ата-әжесін саяласын,  
Бір Алла жақсылығын аямасын.  
Ауылдың аман болсын қариясы  
Ақылы мол өзекті дариясы  
Бейнет көріп жасынан мойымаған,  
Сіздер де бір тарихтың шежіресі.  
Бар жұртым өз үлесін қосқан еді,  
Қиын іске әрқашан бастау еді.  
Қазағым, бүгінде сен биік елсің  
Өрлігің барша елге дастан болды.*

***Ақкүлше ИБРАЕВА.***

## **СОҒЫСТАН ҚАЛҒАН БІР БЕЛГІ**

*Тойлайтын жылда Жеңіс тойым келді,  
Ардагер қарт қуанып ойын бөлді.  
Қарызын кейінгі ұрпақ тоймен өтеп,  
Кұрметтеп ардагерге төрін берді.*

*Бүгінгі әке — " сол жылдың келіндері",  
Бақытты боларына сенімді еді.  
Қарт жүзіне орнаған әрбір әжім,  
Сөйлейтін тарих болып көрінеді.*

*Әрбір дән бір-бір оқ боп жауға ататын.  
Басқарма айқайымен таң ататын.  
Егінін күтіп-баптап, малын бағып.  
Бейнетпен ерте тұрып, кеш жататын.*

*Жер жыртып, өгізбенен соқа салып,  
Кешегі ерке арулар болды ғаріп.  
Үмітпен ақ желегін салып қойды,  
Кием деп Жеңіс күні маржан тағдып.*

Күн түсті қария мен жас балаға,  
Қатықсыз қара көже ас бала ма?!  
Керзі етік, шабан өгіз, нәзік әйел,  
Сүйретіліп жетуші еді баспанаға.

Мықты жоқ-әйел ана төзімінен,  
"Балам, жарым, елім" деп көз ілмеген.  
Құрбан ғып жастық шағын, жан қызуын,  
Оттарын ошағының өшірмеген.

Қолына кейде сынық айнаны алып,  
Бет-жүзіне қарайтын от боп жанып.  
"Бас ием аман келсе болады" деп,  
Жұбатты өз көңілін жүрген налып.

Кигені кебенек еді, келер дейтін,  
Жасаған тілегімді берер дейтін.  
Өмір алда, аман сау келсе егер,  
Соңынан "бірер қара" ерер дейтін.


Құанды ері аман келгеніне,  
Тілегін жаратқанның бергеніне.  
Сұм соғыстың зардабы із қалдырып,  
Соңынан "бірер қара" өрмеді де.

Жазылмай соғыс берген науқасынан,  
Сонда да жаңылмады тәубасынан.  
Шүкіршілік ететін екеуі де,  
Тағдырдың жазғаны деп әу басынан.

Жеткізді бар туыстың балаларын,  
Ешкім де дей алмайды алаладың.  
Келеді сол жандарды көрген сайын,  
Жүрегіме орап ап аялағым.

*Мұхтар ДӘУІТОВ.*

## ТЫҢ ЖАЙЫНДА ТОЛҒАСАМ...



*Көрмесем де көзіммен,  
Санамменен сезінем.  
Тыңмен мен де құрдаспын,  
Бірге тудым өзіңмен.*

*Бесік жырын тыңдап ап,  
Жатқанымда іңгәләп,  
Тыңға халық ағылды,  
Шақырған соң мұңдалап.*

*Темір тұлпар тізгіндеп,  
Жердің нәрін кіргізбек  
Барлық ұлттар ағылды,  
Тың көтерер, біз-біз — деп.*

*Ағып маңдай терлері,  
Тыңгерлерім ерледі,  
Бесжылдықтың балғасын,  
Кұлаштап кең сермеді.*

*Моншақтай тер үзіліп,  
Комбайндар тізіліп.  
Қырман толы бидайға,  
Карады жұрт қызығып.*

*Сол жылдары қамбаға,  
Тау-тау астық құйылды.  
Тәубе айтып Аллаға,  
Қыр қазағы сыйынды.*

*Бәрі жақсы-ақ басталған,  
Сол жылдарым әдемі.  
Тағы да ұран тасталған,  
Тыңның өршіл әуені.*

*"Шаш ал десең, бас алған",  
Жыймас құлар айылын.  
Түгел айдап тасталған,  
Шаң боп жатты жайылым.*

Қыстақтарды қиратып,  
Жоспарсыз жер жыртылды.  
Жайлау түгіл зираты,  
Бабалардың құртылды.

Жаттан жұққан қазақтың,  
Өнегесі артып жүр.  
Дәмін татып арақтың,  
" Беломорын" тартып жүр...

Қарақат көз қыздарым  
Бір бәлеге ұрынды.  
Сезбей жат жұрт " ызгарын",  
Шолақ кесті бұрымды.

Әдепті қыз жасынан,  
Шолақ киді тізеден.  
Омырауы ашылған,  
Көздер түсті " сүзеген" ...

Ырымда жоқ о, тоба-ай,  
Жаласты ұқсап сиырға.  
Бұйығы өскен ботам-ай,  
Мінезің қалды-ау қиылған!

Кейбір кезбе жауыздар.  
Жаман қылық үйретті.  
Небір бейпіл ауыздар,  
Тәрбиені күйретті...

Бәрі жауыз-деу айып,  
Тың игерген Ерлер көп.  
Ақ тоқаштан жем алып,  
Кетпейінші термелеп.

Тыңмен келген жақсылық,  
Ырысқа ел малынды.  
Бел-белестен асырып,  
Асфальт жолдар салынды.

Талай шатыр тізілді,  
Орнатылды жасыл бақ!  
Айттым жырмен үзінді,  
Қол соқ, халқым, мақұлдап!



## **АУЫЛ ЖАЙЛЫ**



Ауылды сүйем, ауылда менің  
көңілім,  
Ауылда өткен қазақтың  
талай өмірі  
Ауылым білсең ұлтымның  
түпкі тамыры,  
Тамыры болмай жайнайды  
қалай өңірім!

Ауылды сүйем, ауылда менің  
жүрегім,  
Ауылым үшін терімді төгіп  
жүремін.

*Еңбекпен бірге болмаса елде татулық,  
Ауылдың жайын түсіну қиын білемін.*

*Ауылды сүйем, ауылда менің дәстүрім,  
Дәстүрін білмей қазақтың сырын ашты кім?!  
"Ауыл" — деген қазақи таза тәрбие,  
Тіл менен Дінім ұлтымыз үшін басты ұғым.*

*Ауылды сүйем, ауылым асыл қазынам,  
Ауылды мақтап қаладан қалай асырам.  
Қазақтың салтын, тілімен әдет-ғұрыпын,  
Бойыма жинап, сіңіріп өстім жасымнан.*

*Ауылды сүйем, ауылда менің мекенім,  
Тұрмысқа жақсы, сабырлық сақтап жетемін.  
Егемен болған, өз елім аман болса егер,  
Ауылды әр кез мақтаңғың етіп өтемін!*

*Айтайын саған, досым, ауыл жайлы,  
Ауыл деп кімнің жайы қиналмайды.  
Үш жылды «Ауыл жылы» атағанмен,  
Көп әкім ауыл жайын ойламайды.*

*Ойласам егер ауыл тіршілігін,  
Қызығы, сәні де жоқ, көрші бүгін.  
Ауыл жайлы көп сөйлеп зиялылар,  
Ауызбенен тартуда ауыл жүгін.*

*Ауылым деп айтайын баршаға мұң,  
Ауылға кеп қай мықты жақты шамын?!  
Пайдасы үшін ауылдың қамын ойлап  
Депутаттар барлайды ауыл маңын.*

*Ауылым деп мен неге қиналамын,  
Ауыл қайта жаңарса, жинап әлін.  
Қазағымның жаздырса романын,  
Қазағымның шырқаса жаңа әнін.*

*Көш бұрсақ бәріміз де бір қалаға,  
Қазақ атам осыдан нұр таба ма?  
"Нағыз қазақ ауылдан шығады" деп,  
Айтқан жоқ па, біздерге Мұхтар-аға!*

## **ҰЛЫТАУДАҒЫ БЕЛГІ**

*Білдіріп Ұлытаудың ұлылығын,  
Тұғырға Ұлы белгі тұрды бүгін.  
Халқымыз ынтымақпен басын қосты,  
Елі келіп Ұлытауға тікті туын.*

*Бұл белгі — қарт Ұлытаудың қасиеті  
Бұл жерге ұрпақтары бас иеді.  
Найзаның ұшыменен ел қорзаған  
Жау жүрек бабалардың өсиеті.*

*Бұл белгі — қарт Ұлытаудың ақ батасы  
Тарихқа толы таудың қия, тасы  
Байқасақ осы жерден көрінеді,  
Киелі Едігенің ұшар басы.*

*Бұл белгі — қарт Ұлытаудың тұмарындай,  
Қандырған көптен күткен құмарымды-ай.  
Жоғалып, Ұлытаудың баурайынан,  
Жеріне қайта оралған ұларымдай.*

*Бұл белгі — Ұлытаудағы ел ұраны,  
Отаншыл адам мұнда бас бұрады.  
Бірлік пен ізгіліктің белгісіндей,  
Төрт құбыла әрқашанда тең тұрады.*

*Бұл белгі — Қазақстан нақ ортасы,  
Елімнің бірлігінің ақ ордасы.  
Тұрсын бірлік, тұтастық монументі —  
Деп, Нұрағам қойған жер Белгітасты.*

*Бұл белгі — Отанымның шаңырағы,  
Басына ұяласын елдің бағы.  
Ағайын тату болса, ат көп деген  
Бақ, дәулет тату елден табылады.*

*Бұл белгі — кең даламның кіндік төрі,  
Киелі Ұлытаудың әрбір жері.  
Жол түзеп келе жатқан Қазағымның,  
Көп болсын арманында асар белі.*

*Бұл белгі — еркіндіктің шұғыласы,  
Қалдырған ұрпағына ел мұрасы.  
Бірліктің арқасында шалқып, байып,  
Елімнің бұзылмасын ымырасы.*

## **МАЙДАННАН ХАТ ЖАЗҒАН ЖАУЫНГЕР**

*(Мүшәйраға)*

*" Мен сені жаным-ау сағындым,  
Сәлем айт бәріне ауылдың.  
Дәл қазір окопта жатырмыз.  
Астында селдеткен жауынның.*

*Көз көрген туыстар аман ба?  
Қиын гой ол жақта саған да.  
Ауылға, өзіңе оралам.  
Соғысты жеңіспен тәмәмдап.*

Жауым тұр, аш қасқыр, алдымда,  
Шегініп, қашу жоқ салтымда.  
Жерімді кеудеммен қорғаймын,  
Ант бергем сол үшін халқыма.

Сен бізге, фашисті қуамыз,  
Соңынан өкшелеп ұрамыз.  
Майданда от кешіп ерлікпен  
Ел үшін ер болып туғанбыз"

— деп жазды жауынгер жарына.  
Туған ел өзі өскен ауылға,  
Келем — деп ол қалай жазды екен,  
Сенді ме бармақтай бағына.

Оралды майданнан жауынгер  
Сүйген жар, туыстар, қолың бер.  
Соғыстан балдақпен келгенде,  
Аяды "байғұс" деп көргендер.

Екі аяқ кесілген тізеден,  
Вагоннан түсу де күш екен.  
Еліне баруды арсынды,  
Бұл-дағы тағдырдың ісі екен.

Ол журді тентіреп қалада  
Көшені, әр үйді сағалап,  
Жас жігіт бір күні тоқтатты  
Алдынан кес-кестеп тұра қап.

Кеудеде бар еді ордені,  
Тоқтатқан жас жігіт көрді оны.  
Анықтап жағдайын білген соң,  
Еліне хабарын бергені.

Сүйген жар естіді хабарын,  
Жүрегі сезгендей ол барын.  
Кей кезде өтектеп жүретін  
"Келгенде киер" деп шалбарын.

Жар жетті асығып қалаға,  
Сүймесе оны іздеп бара ма?!

*" Батырым, арысым, үйге жүр.  
Мен сені қалдырмаймын далада.*

*Сен менің батырым, ерімсің,  
Ел үшін аяғыңды беріпсің.  
Өзіңдей ерлердің намысы  
Жеңіске жеткізген, сөзім шын " —*

*Ер, батыр, мүгедек, ардагер,  
Қадірлеп қарсы алды туған ел.  
Ауылда жаңа өмір бастады.  
Майданнан хат жазған жауынгер!*

## **ЖЕЗДІДЕ, ЖАСТАР ПАРКІНДЕ**

*Жездіде Жастардың паркінде  
" Соғыстан келген бір солдат тұр"  
Қимылын бағып ол әркімнің,  
Еліне мұңын да шағып тұр.*

*Кезінде мені дәріптеп  
Осында жазғы паркте  
Мереке сайын гүл шоғын,  
Сыйлаушы ең маған бәрін де.*

*Салтанат құрып қасымда,  
Жүретін үлкен, жасың да.  
Әр тойға әктеп, сырлаған  
Гүл еккен, досым, барсың ба?*

*Ардагер ішіп қымызын,  
Жастарым ойын жүргіздің.  
Кей кезде мен де сағынам,  
Ауылдың өскен ұл-қызын.*

*Жездінің сұлу бикеші,  
Алаңға келіп билеші.  
Кезінде мұнда өтетін,  
Әйгілі Жезді " Би кеші".*

*Жиналып жастар жан-жақтан,  
Кештермен әсем таң да атқан.  
Өнерлі Жезді жастары,  
Әнменен елді таңғалтқан.*

*Сезімді небір қозғама,  
Кешегі қыз бен бозбала.  
Киноға енді келмейсің,  
Сарайым қирап, тозғанда.*

*Кешегі Жезді кеніші,  
Думанға толы ел іші.  
Кайтадан өрлеп түзелсін,  
Тәңірім қуат берсінші!*

*Жездіде Жастар паркінде,  
Өтінде желдің солдат тұр.  
Жеңіспен келіп соғыстан,  
Сын көзбен бізге қарап бір.*

*Тұғырда, солдат, түспеші,  
Үмітпен елді жүктеші.  
Қасқайып тұрып, батырдай,  
Болатын тойды құтсеңші.*

*Жүрегіме көктетіп майдың гүлін,  
Құшағын да көктемім жайды бүгін.  
Қуанып, шабыттанып қарсы алды ел.  
Жеңістің салтанатты 60 жылын.*

*Сап құрды орден тағып ардагерлер,  
Есіне түсті ме екен, отты күндер.  
"Отан үшін алға" деп ұран салып,  
Жеңісті көре алмаған есіл ерлер.*

*Рухын ел қорғаған жауынгердің,  
Жеңістің 60 жылы, ала келдің.  
Соғыста жауды жеңген батырларға  
Келеді қарай бергім, қарай бергім.*

*Сүймейтін өз Отаның ер болмайды,  
Ерлігін батырлардың ел қолдайды.*

*Жеңістің мұра болған ұлы даңқы,  
Мәңгілік ұландарың жыр жолдайды.*

*Бұл Жеңіс — Ұлы Мұра біздер үшін,  
Ешкімде көрсете алмас бізге күшін.  
Бабалардың ұлықтап ұлы рухын,  
Ұрнақтары жалғайды ерлік ісін!*

**Құрмет ТІЛЕУЛИНОВ.**

## **АБАЙ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ**

*Армысың Абай атам — данышпаным,  
Мыңмен жалғыз алысқан арыстаным.  
Рухыңмен жақындап шабыт беріп,  
Ғасырлармен жалғасып қарыштадың.*

*Сұлу жүз, отты көзді, мұңлы қабақ,  
Жүрегі ән мен күйді, жырды қалап.  
"Қалың елім, қазағым", — деп қамығып,  
Келешекке көз тігіп тұрды қарап.*

*Өтсе де ғұмырында талай дана,  
Күн боп шуақ шайса да арайлана.  
Сөйлеген пенде соқпай кете алмайтын,  
Қазақтың тіл мен көзі — Абай ғана.*

## **58 ЖЫЛ**

*Дархан далам шабыт бер өз ұлыңа,  
Шежіре — сыр шертеді сөзі мына.  
Кешегі отқа оранған жылдарына,  
Көнекөз қарияның өзі куә.*

*Болғаны анық қанды ұрыс қиян-кескі,  
Ұшқан құс жүгірген аң зиян кешті.  
Торғай жүрек толассыз шарқ ұрады,  
Бермеймін деп, киелі ұямды десті.*

*Ет бауырдай езілген ел жүрегі,  
Еркіндікті аңсаумен елжіреді.  
Үміт оты тұтанып, болды "Жеңіс",  
Әділеттің байрағы желбіреді.*

*Оқимыз бүгін тарих беттерінен,  
Арманың өткен ауыр өткелінен —  
Өткен күнді еске алып жыр етеміз,  
Текті ұрпағы тараған көк бөріден.*

*Бұрынғысын бүгінге жариялар,  
Ойға терең, бейне бір дария бар.  
Асылдың сынықтары көпті көрген,  
Сіздер аман болыңыз, қариялар.*

## **ҰСТАЗ - ДЕГЕН ҰЛЫ ЕСІМ**

*Тоқсан тарау жолында тағдырының,  
Кемел ойдың бола алған алғыры мың.  
Бір жан бар жердің бетін мекен қылған,  
Арнаумен адам үшін бар ғұмырын.*

*Ата жолын ұрпағы жалғайтынын,  
Білген ол шәкіртімен самғайтынын.  
Ыстық пен суығына бірдей төзіп,  
Ізденген ұрпақ үшін алмай тыным.*

*Балаға жұмсақ тілмен үн қата ма,  
Мұғалім — бірде бала, бірде ата-ана.  
Ал бірде өнерпаз боп, сегіз қырлы,  
Шалқарын шабытының құрғата ма?*

*Ұлылықтың таңбасы таста қалған,  
Ұстаздарда зор мұрат, асқақ арман.  
Мекені ұстаздардың — ұлы мектеп,  
Сан ғалым, ғұламалар бастау алған.*



## ҰЛЫТАУ - ҰЛТТЫҢ ҰЯСЫ

*Тарихыменен еңселі,  
Өзіңді мақтан етемін.  
Жас жанымның бөлшегі,  
Ұлытау — Атамекенім.*

*Хандарынан тақ қалған,  
Шежірелі дастан жер.  
Қыдыр дарып, бақ қонған,  
Қасиеті асқан ел.*

*Азияның барысы,  
Темір де қадам басқан жер.  
Ұран болып батырға,  
Рух берген асқар бел.*

*Жақсы менен жайсаңды,  
Туғызып бағын ашқан жер.  
Үш бұтағына діңгек боп,  
Үш жүздің басын қосқан жер.*

*Ұлытау — елдің бірлігі,  
Аңсатқан мені қиясы.  
Ұлытау — жердің кіндігі,  
Ұлытау — ұлттың ұясы.*

# МАЗМҰНЫ

Нияз ақын . . . . .	4
Ұлытау . . . . .	5.
Жігіт сыны. . . . .	6
Әсемжаз . . . . .	8
Жыр жүйрігі — Тайжан. . . . .	9
Жаманқараға ас бергенде . . . . .	9
Ерден батырдың баласы Махатка . . . . .	10
Шалғынбайға. . . . .	10
Сақ-сақ . . . . .	11
Майданнан жеткен жыр жолдары . . . . .	11
Соғыстан (Свердловскіден) елге жазған хаты. . . . .	13
Ибескінің әскери қызметтен майданға кеткенде жазған хаты . . . . .	14
Берлиннен хат . . . . .	16
Сағындым елім, туған жерім. . . . .	16
Жан едің ешкім қимайтын. . . . .	20
Маужырап тұр мөлдір аспан, күніміз. . . . .	24
Оқып шықтым Құран-Кәрім кітабын. . . . .	24
Біз қазақпыз . . . . .	25
Өлең . . . . .	25
Күрсініс. . . . .	27
Келдік біз фашистермен шайқасқалы.....	30
Майданнан сәлем. . . . .	31
Аманат. . . . .	32
Ұлы Жеңіс . . . . .	33
Ұстаздарым . . . . .	34
Құлын мүше келіншек . . . . .	35
Тәуба_____	36
Қызмет емес — ар қымбат. . . . .	37
Туған күн. . . . .	37
Найзатас. . . . .	38
Жеңгеме. . . . .	41
"Кейкі үңгірін" көргенде. . . . .	42
Әкесіз өскен ұл едім. . . . .	43
Мұқағали мұңдасыңмен жүрсіңбе? . . . . .	44
"Мына Сәкен қай Сәкен, кім біледі?!". . . . .	45
Ата мұрам. . . . .	47

Ұрпақтарға ұлағат .....	48
Ақсақалдар ақылшың .....	48
Не пайда .....	49
Ұлытау жатыр сыр бүгіп .....	53
Тірлік, бірлік — бір ұғым .....	54
Туған елім — мақтаным.....	55
Ана деген — тіршіліктің тірегі .....	55
Достық, бірлік мекені.....	56
Жеңіс туы желбірей бер, мәңгілік! .....	57
Майдангер әкені сағыну .....	60
Наурыз — көктем .....	61
Ұлытау .....	61
Дүлдүл шабыт .....	62
Оңашадағы ойлар .....	63
Раушан — гүл .....	63
Сағым — сезім .....	64
Тында мені, тың дала .....	65
Жеңіс күніне арнау .....	67
Тілегім бар. . . . .	68
Сағыныш .....	68
Арман — көктем .....	69
Ұлдарыма өсиет .....	70
Мөлдір аспан — тұңғық тазалығы .....	71
Наурыз жыры .....	72
Сынықшы Сәулеге .....	73
Ұлытау .....	74
Сағыныш .....	75
Анама .....	75
Қырық жасың өткеніме ой салды .....	76
Ұлытауым .....	76
Ұрпағымды көремін де қуанам .....	77
Ұлытаудың қызымын! .....	78
Астана .....	78
Мектебім алтын ұям .....	79
Жырындағы бір ұшқын .....	80
Өлеңнің мәні	
Абай тойына барғанда .....	81
Ұлытауым — жыр-әнім .....	83
Арнау .....	83
Туған жер .....	84

Анама. ....	84
Анама. ....	85
Байқоңырға арнау. ....	86
Көктемдей, досым, күл	енді!.....86
Туған елім —	мақтаным.....87
Ауылыма. ....	87
Әкеме. ....	88
Ұмыту	қиын .....89
Түсінбейсін. ....	89
Ерен ерлер. ....	90
Тарих	шежіресі.....91
Соғыстан қалған бір белгі. ....	92
Тың жайында толғасам. ....	94
Ауыл жайлы. ....	96
Ұлытаудағы	белгі .....97
Майданнан хат жазған жауынгер. ....	98
Жездіде, жастар	паркінде.....100
Абай рухымен сырласу. ....	102
58	жыл.....102
Ұстаз—деген	ұлы есім .....103
Ұлытау — ұлттың ұясы. ....	104

Ұлытаудың  
жыр бұлағы

<b>Техникалық редакторы:</b>	<b>Леонид Пономаренко</b>
<b>Мәтінді терген</b>	<b>Назима Бірмағанбетова.</b>
<b>Дизайнер:</b>	<b>Күнімай Сапиянова.</b>
<b>Әріп қателерін тексергендер:</b>	<b>Гүлдариға Сыздықова, Әлия Әбітова.</b>

Теруге 10.07.06. берілді. Басуға 04.08.06. қол қойылды. Пішімі 1/16. 108-бет.  
Офсеттік басылым. Гарнитурасы "Таймс". Тапсырыс 1344. Таралымы 250.

*"Полиграфия Ер Мұра" ЖШС-і*  
*Жезқазған қаласы, Шевченко көшесі, 36*